

**«Қызылорда облысының білім басқармасының
Арал қаласы бойынша білім бөлімінің
«№281 негізгі мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша
АНЫҚТАМАСЫ**

МАЗМҰНЫ

I	БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ	4
1.1	Білім беру ұйымының құрылтайшылық және құқық белгілейтін құжаттары	4
1.2	Білім беру ұйымының жұмыс жоспары	4
1.2.1	Мектептің даму бағдарламасы	4
1.2.2	Оқу-тәрбие жұмыс жоспары	5
1.2.3	Мектепшілік бақылау жоспарының болуы, іске асырылуы	9
1.2.4	Педагогикалық кеңес хаттамалары	12
1.2.5	Оқу-әдістемелік кеңес хаттамалары	13
1.3	Нақты деректердің "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесіне сәйкестігі	14
II	СЫРТҚЫ БАҚЫЛАУ	16
2.1	Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу	16
2.2	Халықаралық зерттеулер (PISA, PIRLS, ICILS, TIMSS, TALIS)	17
III	КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ТАЛДАУ	18
3.1	Педагогтердің оқу жүктемесі (тарифтеу) туралы мәлімет	18
3.2	Білім беру ұйымының басшысы, басшының орынбасарлары туралы мәлімет	18
3.3	Тиісті бейіні бойынша педагогтермен қамтамасыз етілгенін растайтын қосымшалары бар дипломдар көшірмелерінің болуы	20
3.4	Педагогтердің оқытылатын пәні бойынша үш жылда бір рет біліктілігін арттырғандығын растайтын сертификаттарының болуы	21
3.5	Оқу жоспарындағы пәндер бойынша бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі	22
3.6	Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір рет арттыруы	23
3.7	Білім ұйымдарына бос немесе уақытша лауазымға педагогтерді қабылдау	41
3.8	Білім беру саласындағы кезеңдерінің уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың аудандық және/немесе облыстық жеңімпаздарын және/немесе соңғы бес жылдағы Республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болса) туралы мәліметтер	42
IV	БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ	55
4.1	Білім алушылар туралы мәлімет	55
4.2	Оқуға қабылдау	57
V	ОҚУ ЖҰМЫСЫ	59
5.1	Оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері және сағат саны бастауыш, негізгі орта және орта білім үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келуі	59
5.2	Оқу жоспары негізінде әзірленген және білім беру ұйымы бекіткен сабақ кестесі	67
5.3	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға оқытуды ұйымдастыру	69
5.4	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау	75
5.5	Қорытынды аттестаттау	77
VI	ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ	79
6.1	Біртұтас тәрбие бағдарламасы	79
6.2	Педагог-психологтың жұмысы	111
6.3	Әлеуметтік педагогтің жұмысы	119
6.4	Ата-аналармен қарым-қатынас	122

VII	ОҚУ МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР	126
7.1	Ғимарат туралы мәлімет, білім беру объектілеріне қойылатын талаптар	126
7.2	Оқу корпустарында ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін тең жағдай жасау және кедергісіз қол жеткізу	126
7.3	Цифрлы мектеп	127
7.4	Оқу кабинеттері	128
7.5	Оқу корпустары спорт залымен жабдықтылуы	138
7.6	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	139
7.7	Медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі	140
7.8	Кітапхана, оқу залының болуы	141
7.9	Санитариялық нормаларға сәйкес келетін санитариялық тораптардың болуы	142
7.10	Ауыз су режимінің ұйымдастырылуы	143
VIII	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ	144
8.1	№ 32 және № 49 бұйрықтарға сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнекамералардың болуы	144
8.2	Өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы	144
8.3	ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына сәйкес терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастырылуы	145
IX	БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ САУАЛНАМАСЫ	146
9.1	№ 281 негізгі мектебінің педагогтерінен алынған сауалнама нәтижесі	146
9.2	№ 281 негізгі мектебінің 4 сынып оқушыларынан алынған сауалнама нәтижесі	147
9.3	№ 281 негізгі мектебінің 9 сынып оқушыларынан алынған сауалнама нәтижесі	148
9.4	№ 281 негізгі мектебінің 4 сынып оқушыларының ата – аналарына алынған сауалнама нәтижесі	149
9.5	№ 281 негізгі мектебінің 9 сынып оқушыларының ата – аналарына алынған сауалнама нәтижесі	150
X	ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР	151

I БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

1.1 Білім беру ұйымының құрылтайшылық және құқық белгілейтін құжаттары

Қызылорда облысының білім басқармасының Арал қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 281 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қызылорда облысы, Арал қаласы, Ескіұра ауылы, Ескіұра 9А мекен-жайында орналасқан.

Ғимарат 2017 жылы пайдаланылуға берілген. Типтік жобадағы мектептің құрылыс ауқымы – 9416 м³, жалпы алаңы – 2002,2 м², жалпы жер көлемі 1736,6 га. Жобалық қуаты – 50 орындық.

Білім беру ұйымындағы сынып жиынтығының саны-9. МДТ саны – 1.

2023-2024 оқу жылының тарификациялық кестесі бойынша білім алушылар саны - 53. 1 - 4 сыныптар бойынша – 19, 5 - 9 сыныптар бойынша 34.

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Мектеп байланыс телефоны: 4-02-52

электронды пошта: 281edu@mail.kz.

Мектеп сайты: <http://281/mektep.edu.kz/>

Жолмырзаева Айтолкын Жолдасовна, мектеп директоры

Байланыс телефон: 87776628221,

электронды пошта: Kelbet_aral_93@mail.ru

Қызылорда облысының білім басқармасының Арал қаласы бойынша білім бөлімінің «№281 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы БИН 130340008478, алғашқы тіркелу күні 11.03.2013 жыл, 22.01.2021 жылы мемлекеттік қайта тіркеуден өткізілді. Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 21.12.2022 жылғы № 01-17-449 бұйрығымен жарғыға 30.12.2022 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Рұқсат етуші құжаттар

Лицензия № KZ61LA00010646, 04.01.2018 ж.

Лицензия "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама алынған. 17.01.2020ж. № KZ31RVK00022336

№281 негізгі мектебінің құжаттары мектеп сайтының «Аттестация» қойындысының «Жалпы сипаттама/ Құқықтық құжаттар» бөлімінде салынған.

<https://281mektep.edu.kz>

1.2.1 Мектептің даму бағдарламасы

«Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы №273 бұйрығына сәйкес 2024-2029 жылдарға арналған Мектептің даму бағдарламасы әзірленген. Бағдарламаны педагогикалық кеңестің шешімі бойынша мектеп директоры бекіткен.

Бағдарламаның құрылымы төмендегі бөлімдерді қамтиды:

1) Бағдарлама паспорты;

2) Ағымдағы ахуалды талдау:

- Кадрлық ресурстар;
- Материалдық-техникалық ресурстар;
- Ақпараттық ресурстар;
- Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу-әдістемелік шарттар;

- Білім беру мазмұнын іске асыру;
- Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму шарттары, білім беру сапасы;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеалдарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыру шарттары;
- Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары.

3) Мектептің миссиясы, мақсаттары мен міндеттері:

- Мектептің миссиясы;
- Мектептің мақсаты;
- Мектептің міндеттері;
- Мектепті дамытудың басым бағыттары;
- Бағдарламаны іске асыру тетіктері;
- Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер.

4) Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер:

- Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру;
- Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру;
- Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру;
- Білім сапасын бағалау;
- Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу.

5) Мектептің даму бағдарламасының 2024-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары:

- Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру;
- Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру;
- Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру;
- Білім сапасын бағалау;
- Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу.

Мектептің даму жоспарын мектеп сайтының «Аттестация» қортындысының «Жалпы сипаттама/ Мектептің жұмыс жоспары» бөлімінде салынған:

<https://281mektep.edu.kz>

1.2.2 Оқу-тәрбие жұмыс жоспары

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына сәйкес мектептің оқу – тәрбие жоспары әзірленді.

Мектептің келелі мәселесі: білім беру сапасын функционалдық сауаттылықты дамытуды қамтамасыз ету факторы ретінде басқару.

Күтілетін нәтиже: ҚР зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматы және шығармашыл тұрғыда сыни ойлауға, шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілетті, өмір бойы білім алуға дайын тұлға қалыптасады.

Оқу- тәрбие жоспары XIV бағытты қамтиды:

I. 2023 – 2024 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері;

II. Мектептің жұмыс циклограммасы;

III. Мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту;

IV. Мемлекеттік білім беру стандартының орындалуы;

V. Мектепшілік бақылау мен басқару;

VI. Педагогикалық кеңес жоспары;

- VII. Директор жанындағы мәжіліс;
- VIII. Әдістемелік жұмыс жүйесі;
- IX. Тәрбие жұмысының жүйесі;
- X. Психологиялық қызмет жүйесі;
- XI. Кітапхана жұмыс жүйесі;
- XII. Медициналық кабинеттің жұмыс жүйесі;
- XIII. Шаруашылық қызмет жүйесі;
- XIV. Әлеуметтік қызмет жүйесі.

I. 2023 – 2024 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері.

Мақсаты: педагогтің кәсіби тұлғалық құзыреттілігін анықтай отырып, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау.

Міндеттері:

- 1) Оқу үдерісінің барлық қатысушыларының заңды құқықтары мен қызығушылықтарын барынша толығымен жүзеге асыратын ашық білім беру ортасын ашу.
- 2) Әр мұғалімнің жұмысы туралы ақпараттық банк құру (есепке алу, сараптау, талдау, бағалау)
- 3) Білім алушылардың функционалдық сауаттылығының барлық түрлерін арттыруда барынша жоғары нәтиже беретін жаңартылған білім беру мазмұны бойынша пәндерді оқытудың тиімді жолдарын анықтау және жинақтау.
- 4) Білім беру үдерісіне мектеп әлеуметі өкілдерін жұмылдыра отырып, бақылаудың жаңашыл, заманауи түрлерін енгізу.
- 5) Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту.

III. Мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту.

Мектептің мөлтек ауданы бойынша жалпылама оқуға тартуды жүзеге асыру, оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау, денсаулық сақтау шаралары, техника қауіпсіздігі және санитарлық – гигиеналық режим, құқық бұзушылық пен оның алдын – алу жұмыстары, ерекше көңіл бөлуді қажет ететін балаларға психологиялық- педагогикалық көмек, жалпылама оқуға тарту бойынша құжаттарды дайындау, жетім, жартылай жетім, көп балалы жанұяға әлеуметтік көмек, қаржыландыру сынды бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді.

IV. Мемлекеттік білім беру стандартының орындалуы.

Мектепке дейінгі дайындықты ұйымдастыру, ҚР жалпыға бірдей білім беру стандарты, оқыту мен тәрбие үдерісін жетілдіру, дарынды балаларды қолдау, әдістемелік жұмыстар, ыстық тамақпен қамтамасыз ету, жеңілдіктер, оқулықтармен қамтамасыз ету бағытында жұмыстар ұйымдастырылды.

V. Мектепшілік бақылау мен басқару.

Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау, оқу процесінің сапасын бақылау бойынша, оқушылардың біліміндегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгірімі төмен оқушылармен жұмыстарды бақылау, оқу-зерттеу қызметі, мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау бағытында жұмыстар атқарылды.

VI. Педагогикалық кеңес жоспары.

2023-2024 оқу жылындағы білім беру саласындағы нормативті құжаттармен таныстыру, түсіндіру, талдау, сыныптарды жинақтауды бақылау, сынып жетекшілерін, бірлестік жетекшілерін, кабинет меңгерушілерін тағайындау, оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуы 1,5-сыныптардың бейімделу кезеңін ұйымдастыру. Психологиялық орталықтың зерттеу қорытындыларын талдау. 2023-2024 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге арналған іс – шаралардың жүргізілу деңгейі. Электронды журналдардың толтырылуы 1-4 тоқсан бойынша. 2023-2024 оқу жылына 1- сыныпқа қабылдау туралы, 2023-2024 оқу жылында өтілген Ұлттық мектеп лигасы спорт түрлерінің нәтижесін талдау. Бітіруші түлектерге негізгі және жалпы орта білім туралы аттестат беру. 9

сынып оқушыларын мектеп бітіруіне байланысты жалпы тізімнен шығару туралы, мектеп ғимаратын 2024-2025 оқу жылына дайындау барысы сынды жоспарда көрсетілген мәселелер қамтылды.

VII. Директор жанындағы мәжіліс.

Оқу жүктемесін, сынып жетекшілікті, кабинет меңгерушілікті, бірлестік жетекшілік, үйірме жетекшілікті бөлу, мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысын жоспарлау, оқушылардың оқулықпен қамтылуы, жалпы білім беретін пәндер бойыншы ғылыми жоба байқауына жұмыстарды іріктеу,

Мектеп парламенті жұмысының жүргізілу деңгейі, 4,9 сыныптар арасында Халықаралық зерттеулер бойынша алынған тест жұмыстарының нәтижесін талдау. Бірінші жартыжылдықтағы элективті және арнайы курстар бағдарламасының орындалу барысы, бірлескен жобалардың немесе әлеуметтік тәжірибелерді («Қайырымдылық», «Қарияға қол ұшын соз» және т.б.акциялар) іске асыруда атқарылған жұмыстардың есебі.

9 сынып оқушыларымен мамандық таңдау бойынша педагогикалық-психологиялық бағытта ұйымдастырылған жұмыстарды талдау, таңдау пәндері мен үйірме сағаттардың талапқа сай берілу сапасын анықтау, мектеп дефектологының атқарған жұмыстары, жас мамандар арасында мектепшілік сырттай жас мамандар байқауын ұйымдастыру. ІІІ тоқсан аяғындағы бақылау жұмыстарын алу, мониторинг жасау. Санитарлық – гигиеналық режим және еңбектің қауіпсіздік ережесі, бастауыш сыныптарда үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстарды талдау, кәсіби бағдар беру бағытында мамандық таңдау кешін ұйымдастыру, оқушылардың ғылыми жұмыстар мен олимпиадаларға қатысу нәтижесі, құқық бұзушылыққа және суицидке байланысты атқарылған жұмыстар, бастауыш сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру қорытындысы (2-4 сыныптар) бойынша талдау жүргізілді.

VIII. Әдістемелік жұмыс жүйесі.

2022-2023 оқу жылындағы аттестация жұмысының қорытындысы мен 2023-24 о.ж. аттестациялық жұмыстардағы ерекшеліктері, Жас мамандарға бекітілген тәлімгерлермен жұмыс жоспарын бекіту, мұғалімдерді аттестаттаудан өткізу мәселесі, аттестациялау ережелерімен таныстыру, бірлестік жетекшілердің жұмысы, жалпы білім беретін пәндер бойыншы ғылыми жоба байқауына жұмыстарды іріктеу, Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің онкүндігі. 5-9 сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің берілуін зерделеу, ИФМ пәндері бірлестігінің онкүндігі, пән мұғалімдерінің өзара сабаққа қатысу дәптерлерін тексеру, 2-7 сыныптар арасында өткізілетін «Зерде» ғылыми жобалар байқауына қатысатын оқушыларды нақтылау, дайындықтарын қадағалау, іріктеу, шет тілі пәні бірлестігінің онкүндігі, көркем еңбек, музыка пәндерінің 2-9 сыныптардағы берілуін зерделеу, тарих пәндері бірлестігінің онкүндігі, көркем еңбек, технология, музыка пәндерінің берілу сапасы, аттестацияға қатысатын мұғалімдермен жұмыс, орыс тілі пәндері бірлестігінің онкүндігі, бастауыш пәндері бірлестігінің онкүндігі, «Үздік педагог» байқауына ұсыну, өнер, денешынықтыру пәндері бірлестігінің онкүндігі бойынша жыл бойы мектепшілік бақылау жұмыстары жүргізілді. Әрбір жүргізілген жұмыстар бойынша анықтамалар мен хаттамалар жазылды. Анықтамалар мен хаттамалар қаулысына сәйкес жұмыстар жасалды.

IX. Тәрбие жұмысының жүйесі.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу-барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз-жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу,әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»-ұлттық, адами құндылықтарға негізделген.Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: жалпы адамзаттық және ұлттық

құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, жасампаз адамзатты тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының жүйесі ұлттық мүдде, ар – ұят, талап құндылықтарына негізделіп, кешенді тәрбие жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар: 6-10 жастағы бала тәрбиесі, 11-15 жастағы жасөспірімнің тәрбиесі бойынша іске асырылады.

Білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің мазмұны, сынып сағаттарының мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны Қыркүйек – білім айы, Қазан – алаш азаматтарын ұлықтау айы, Қараша – поэзия айы, Желтоқсан – «Қазақстан – ұлы дала елі», Қаңтар – «Ұлттық код» айы, Ақпан – Оқуға құштарлық айы, Наурыз – ұлттық салт- дәстүрді дәріптеу айы, Сәуір – экологиялық мәдениет айы, Мамыр – бейбітшілік пен татулық айы бағыттары арқылы жүзеге асырылды.

Х. Психологиялық қызмет жүйесі.

Орта білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік – психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында психологиялық қызмет жүйесі жұмыс жасауда.

Психологиялық қызмет жүйесінде диагностикалау, түзету – дамыту жұмысы, консультация беру, профилактика және психологиялық ағарту, ұйымдастыру – әдістемелік жұмыс, жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер бағытында жұмыстар атқарылды.

XI. Кітапхана жұмыс жүйесі.

Білім жүйесіндегі кітапхананың оқырмандарға қызметі кітапхана жұмысының негізгі бағыттары, кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, бақылау көрсеткішінің орындалуы, оқырмандарға қызмет көрсету және кітап насихаттау, анықтамалық – библиографиялық жұмыс, кітапхана қорын ұйымдастыру және сақтау, толықтыру, кітапханашы мамандығының дәрежесін көтеру, кітапхананың материалдық – техникалық базасы, кітапхананың актив мүшелері бойынша жұмыстар жасалды. Ал кітапхана жұмысының негізгі бағыттары: оқырманды адамгершілікке, әдептілікке, ел жандылыққа тәрбиелеу жұмыстары, экологиялық, өлкетану жұмыстарын жүзеге асыру, салауатты өмір салтын насихаттау, кітапхана активтерімен жұмыс, оқырманды кітапханаға тарту жұмысын ұйымдастыру: оқырмандар санын, кітап айналымының санын көбейту, оқу үрдісіне ақпараттық жәрдем беру, Елбасының халқына арналған жолдауларын насихаттау болып табылады.

XII. Медициналық кабинеттің жұмыс жүйесі.

Оқушылардың денсаулығын сақтауға бағытталған шаралардың жоспары оқушылардың құжаттарының дұрыстығын тексеру, денсаулығы нашар балалардың тізімін нақтылау, манту және БЦЖ ревакцинациясына 1- сынып оқушыларын әзірлеу, манту сынамасына оқушыларды әзірлеу, жалпы балалардың антропометрия тексерістен өткізу, балалар мен жасөспірімдерді тереңдетілген медициналық тексеруден өтуін қадағалау және тізімін жасау, ұл балаларды әскери медициналық тексеруден өткізу және сауықтыру, диспансерлік бақылаудағы балаларды емдеу және сауықтыру, «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» аясында спорттық ойындар өткізу, 8-9 сынып оқушыларын флюоро тексерістен өткізу, манту сынамасын егу, мектеп жанындағы лагерьді ұйымдастыру, ПДПҚ –да тіркеуде тұрған мүмкіндігі шектеулі балаларды қадағалау, жазғы демалыс кезінде «Шұғыла» т.б сауықтыру лагеріне балаларды жіберу, кадрмен жұмыс, мұғалімдердің және кіші қызметкерлердің денсаулық құжаттарын тексеру, жаңа санитарлық нормалар мен ережелер, ғимарат ішін күтуге қойылатын санитарлық талаптар бойынша жүзеге асырылды.

XIII. Шаруашылық қызмет жүйесі.

Мектептің материалдық – техникалық базасын нығайту және шаруашылық жұмыс жоспарына сәйкес мектептің іші сыртына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, дезинфекция, дератизация, жылу құбырларын, жылу батареяларына ревизия жасау, тексеру, жоспарлы өрт дабылы қысқыштарын тексерту, су есептегіш құралының көрсеткішін алу, жылу жүйесіндегі винтелдер, муфталар, жылу элеваторына ревизия жасап майлау, электр желілеріне және мектеп сыртындағы жарықтандыру жұмыстарына тексеру жүргізу, тамыз

айының материалдық есебін жасау, мектепке келген заттарды кірістеп, шығыстау, желтоқсан айында жоспарлы өрт дабыл қысқышын тексеру, жылу қазандығының қысымын бақылау, мектеп ішінің жылу температурасын бақылау, материалдық есеп жүргізу, кіші қызметкерлердің штаттық кестесін дайындау, тазалық жұмыстарына бақылау жасау, канализация, құдықтарды тазарту сынды жұмыстар жүргізілді.

XIV. Әлеуметтік қызмет жүйесі.

Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары әлеуметтік – диагностикалық, әлеуметтік алдын – алу бағыты, әлеуметтік қорғау, әлеуметтік – әдістемелік, тәрбие орынбасары мен сынып жетекшілерімен бірлескен жұмыс, медициналық қызметкерлермен бірлескен жұмыс, әлеуметтік педагог пен педагог – психологтың бірлескен жұмысы, мектеп инспекторымен бірлескен жұмыс бағыттары бойынша жұмыстар атқарды.

Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жоспары мектеп сайтының «Аттестация» қойындысының «Жалпы сипаттама/ Мектептің жұмыс жоспары» бөлімінде салынған: <https://281mektep.edu.kz>

1.2.3 Мектепшілік бақылау жоспарының болуы, іске асырылуы

Мектепте бақылауға және жақсартуға байланысты басқару міндеттерін іске асыру үшін № 130 бұйрыққа сәйкес мектепшілік бақылау жоспары әзірленді.

Мектепшілік бақылау жоспары 6 бағытты қамтиды:

- 1) нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
- 2) оқу процесінің сапасын бақылау;
- 3) білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмысты және үлгерімі төмен балалармен жүргізілетін жұмысты бақылау;
- 4) оқу-зерттеу қызметі;
- 5) мұғалімнің шеберлік деңгейін және әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау;
- 6) тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау.

Мектепшілік бақылауды жоспарламас бұрын, аналитикалық деректерге сүйене отырып, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мәселесін шешу үшін күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен тәуекелдерін анықтау мақсатында SWOT талдауын жүргізілді.

S-мықты	W әлсіз
1.Мектептің басымдығын анықтауда мұғалімдердің зерттеуші,сарапшы санатының талапқа сәйкес болуы 2. Республикалық дәрежеде оқушылардың байқау жеңімпаздарының болуы 4.Теориялық негіздемелердің тақырыпқа сай түсіндірілуі 5.Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға уақытында қатысуы	1.Жаратылыстану бағытындағы кейбір пәндердің білім сапасының төмен болуы 2. Мектептегі интербелсенді тақтаның аз болуы 3.Зерттеу сабағының аз жүргізілуі 4.Сабақта ресурстардың аз болуы.
O мүмкіндіктері	T қауіп
1.Мұғалімдер тиімді әдіс тәсілді пайдалана отырып білім сапасын көтеруге жұмыс жасаулары 2.Дарынды балалармен жұмысты күшейтуге 3. Семинарлар ,конференциялар арқылы әдістемелік білімдерін жетілдіруге	1.Сабақты үнемі бір сарында өткізулері 2.Шеберлік кластың аз ұйымдастырылуы 3.АКТ құралдарының барлық кабинетте қамтылмауы 4.Педагогикалық идеялар алаңына аз қатысуы

I Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау бойынша 20 мәселе

II. Оқу процесінің сапасын бақылау бойынша -26 мәселе қаралды

III. Оқушылардың біліміндегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгірімі төмен оқушылармен жұмыстарды бақылау 13 мәселе

IV. Оқу-зерттеу қызметі.-15 мәселе

V. Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау педагогикалық кеңесте- 13 мәселе

VI. Тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау-14 мәселе жоспарға енгізілді.

Әрбір мәселеле педагогикалық кеңесте, әдістемелік кеңесте, директор жанындағы кеңесте, бірлестік отырыстарында қорытындыланып қаралып, қаулы қабылданды.

Педагогикалық кеңесте 2023-24 оқу жылындағы білім беру саласындағы нормативтік құжаттармен таныстыру, түсіндіру, талдау, сыныптарды жинақтауды бақылау, сынып жетекшілерін, бірлестік жетекшілерін, кабинет меңгерушілерін тағайындау, Оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуы, 1,5 сыныптардың бейімделу кезеңін ұйымдастыру. Психологиялық орталықтың зерттеу қорытындыларын талдау. Пәндер бойынша жиынтық бағалау сапасы мен қорытындылары, 1,2,3,4 жылдық тоқсан бойынша білім сапасының мониторингін талқылау, 4,9-сыныптардан халықаралық зерттеу материалдарынан тест алу, математика, физика, информатика пәндері бойынша (5-9 сынып) бақылау жұмыстарының қорытындысы, Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда (5-9 сынып бойынша) оқушылардың жазу сауаттылығының деңгейі, сапасы, Бастауыш сыныптарда ағылшын және орыс тілі пәндерінің жүргізілу сапасы, сабаққа ену, Химия, биология, география пәндері бойынша оқушылардың білім деңгейіне талдау Тарих, құқық негіздері пәндерін оқытуда оқушылардың білім деңгейінің көрсеткіштері Олимпиада, ғылыми жоба, «Үздік аттестат», «Үздік куәлік» -ке ұсыныстарды бекіту, 2023-2024 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге арналған іс – шаралардың жүргізілу деңгейі. Электронды журналдардың толтырылуы 1-4 тоқсан бойынша. 2023-2024 оқу жылына 1- сыныпқа қабылдау туралы, 2023-2024 оқу жылында өтілген Ұлттық мектеп лигасы спорт түрлерінің нәтижесін талдау, 1. Бітіруші түлектерге негізгі және жалпы орта білім туралы аттестат беру. 9 сынып оқушыларын мектеп бітіруіне байланысты жалпы тізімнен шығару туралы, мектеп ғимаратын 2024-2025 оқу жылына дайындау барысы туралы жоспарда көрсетілген мәселелер қамтылды.

Дирекциялық кеңесте Оқу жүктемесін, сынып жетекшілікті, кабинет меңгерушілікті, бірлестік жетекшілік, үйірме жетекшілікті бөлу, мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысын жоспарлау, оқушылардың оқулықпен қамтылуы, жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жоба байқауына жұмыстарды іріктеу, Қазақ тілі пәні бірлестігінің он күндігі

6 сыныптар бойынша білім алушылардың олқылықтарын анықтау, үлгірімі төмен оқушыларымен жұмыс түрлерін қалыптастыру, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан білім алушылармен жүргізілген жұмыстардың есебі.

Информатика, физика, математика пәндері бірлестігінің он күндігінің қорытындысы, 2-9 сыныптарындағы БЖБ, ТЖБ жүргізілуі, мектеп парламенті жұмысының жүргізілу деңгейі, 4,9 сыныптар арасында Халықаралық зерттеулер бойынша алынған тест жұмыстарының нәтижесін талдау.

Шет тілі пән бірлестігінің он күндігінің қорытындысы, 2-4 сыныптарда ұйымдастырылған сыныптан тыс іс – шараларды талдау. химия, биология, география пәндерінің өтілу барысында үлгірімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесі, электронды сынып журналының дұрыс толтырылуын бақылау, тексеру, қолайсыз отбасынан шыққан білім алушыларға және өмірдің қиын жағдайында қалған отбасыларға диагностикалық, консультациялық, психологиялық-педагогикалық ағарту, кейс-менеджмент бойынша жүргізілген жұмыстардың есебі, бастауыш сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру қорытындысы (2-4 сыныптар). Бірінші жартыжылдықтағы элективті

және арнайы курстар бағдарламасының орындалу барысы, бірлескен жобаларды немесе әлеуметтік тәжірибелерді («Қайырымдылық», «Қарияға қол ұшын соз» және т.б.акциялар) іске асыруда атқарылған жұмыстардың есебі. 4,9 сыныптар арасында Халықаралық зерттеулер бойынша алынған тест жұмыстарының нәтижесін талдау, шет тілі пән бірлестігінің он күндігінің қорытындысы, 2-4 сыныптарда ұйымдастырылған сыныптан тыс іс – шараларды талдау, химия, биология, география пәндерінің өтілу барысында үлгірімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесі, орыс тілі мен әдебиеті пәндері бірлестігінің онкүндігінің қорытындысы.

9 сынып оқушыларымен мамандық таңдау бойынша педагогикалық-психологиялық бағытта ұйымдастырылған жұмыстарды талдау, таңдау пәндері мен үйірме сағаттардың талапқа сай берілу сапасын анықтау, көркем еңбек, технология, музыка пәндерінің берілу сапасы Бастауыш сынып оқушыларының жазу сауаттылығын анықтау, каллиграфиясын тексеру, үлгірімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесін саралау, мектеп тәлімгерінің атқарған жұмыстарының есебі, оқушының білім сапасына әсер ететін жеке басының ерекшеліктерін есепке алу 1 сабақтан «3» немесе «4» алған оқушылармен атқарылған жұмыстар, оқушылардың сыныптар бойынша сабаққа қатысуы мониторингісі, үлгерім деңгейі, мектепшілік бақылауда тұратын оқушылармен жүргізілген жұмыстар, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын пәні дәптерлерінің талапқа сай толтырылуы, бағалануы, мектеп дефектологының атқарған жұмыстары, жас мамандар арасында мектепшілік сырттай жас мамандар байқауын ұйымдастыру, ІІІ тоқсан аяғындағы бақылау жұмыстарын алу, мониторинг жасау. Химия, биология және география пәндері бірлестігінің онкүндігінің қорытындысы, ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен жұмыс барысы, ата-аналар академиясының жұмыс рейтингісінің қорытындысы, санитарлық – гигиеналық режим және еңбектің қауіпсіздік ережесі, бастауыш сыныптарда үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстарды талдау, кәсіби бағдар беру бағытында мамандық таңдау кешін ұйымдастыру, оқушылардың ғылыми жұмыстар мен олимпиадаларға қатысу нәтижесі, өнер бірлестігі мен денешынықтыру пәні бірлестігінің онкүндігінің қорытындысы, құқық бұзушылыққа және суицидке байланысты атқарылған жұмыстар, бастауыш сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру қорытындысы (2-4 сыныптар). Әдістемелік кеңесте 2022-2023 оқу жылындағы аттестация жұмысының қорытындысы мен 2023-2024 о.ж. аттестациялық жұмыстардағы ерекшеліктері, Жас мамандарға бекітілген тәлімгерлермен жұмыс жоспарын бекіту, мұғалімдерді аттестаттаудан өткізу мәселесі, аттестациялау ережелерімен таныстыру, бірлестік жетекшілердің жұмысы, жалпы білім беретін пәндер бойыншы ғылыми жоба байқауына жұмыстарды іріктеу, Қазақ тілімен әдебиеті пәні бірлестігінің онкүндігі, 5-9 сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің берілуін зерделеу, ИФМ пәндері бірлестігінің онкүндігі, пән мұғалімдерінің өзара сабаққа қатысу дәптерлерін тексеру, 2-7 сыныптар арасында өткізілетін «Зерде» ғылыми жобалар байқауына қатысатын оқушыларды нақтылау, дайындықтарын қадағалау, іріктеу, шет тілі пәні бірлестігінің онкүндігі, көркем еңбек, музыка пәндерінің 2-9 сыныптардағы берілуін зерделеу, тарих пәндері бірлестігінің онкүндігі, көркем еңбек, технология, музыка пәндерінің берілу сапасы, аттестацияға қатысатын мұғалімдермен жұмыс, орыс тілі пәндері бірлестігінің онкүндігі, бастауыш пәндері бірлестігінің онкүндігі, «Үздік педагог» байқауына ұсыну, өнер, денешынықтыру пәндері бірлестігінің онкүндігі бойынша жыл бойы мектепшілік бақылау жұмыстары жүргізілді. Әрбір жүргізілген жұмыстар бойынша анықтамалар мен хаттамалар жазылды. Анықтамалар мен хаттамалар қаулысына сәйкес жұмыстар жасалды.

Мектепшілік бақылау жоспары мектеп сайтының «Аттестация» қойындысының «Жалпы сипаттама/ Мектептің жұмыс жоспары» бөлімінде салынған: <https://281mektep.edu.kz>

1.2.4 Педагогикалық кеңес хаттамалары

« Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына сәйкес педагогикалық кеңестің құрамы сайланды.. Педагогикалық кеңес құрамы 5 адамнан тұрады. Кеңес төрағасы мектеп директоры А. Жолмырзаева, құрамы: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ. Абдрахманов, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Қалабаев, кәсіподақ ұйымының төрағасы А.Қойбағаров, ата – аналар комитетінің төрағасы Б. Жалиев, бірлестік жетекшісі А. Өсербай . Жоспарға сәйкес 2023-2024 оқу жылында 7 рет педагогикалық кеңес отырысы өткізіліп, хаттамаланған.

Әр педагогикалық кеңес отырысында талқыланған мәселелер бойынша орындау мерзімі мен жауапты тұлға көрсетіліп қаулы шығарылған.

Педагогикалық кеңес хаттамалары мектеп сайтының «Аттестация» бөлімінде орналастырылған: <https://281mektep.edu.kz>

1.2.5 Оқу-әдістемелік кеңес хаттамалары

2023-2024 оқу жылында педагогикалық кеңестің отырысы 5 рет өткізіліп, әр отырыс хаттамаланған. Хаттамаға әдістемелік кеңестің төрағасы Қ.Абдрахманов және хатшысы М. Шаманов қол қойған.

2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік кеңесте аттестациялық жұмыстардағы ерекшеліктері, жас мамандарға бекітілген тәлімгерлермен жұмыс жоспарын бекіту, мұғалімдерді аттестаттаудан өткізу мәселесі, аттестациялау ережелерімен таныстыру, бірлестік жетекшілердің жұмысы, жалпы білім беретін пәндер бойыншы ғылыми жоба байқауына жұмыстарды іріктеу, Қазақ тілімен әдебиеті пәні бірлестігінің онкүндігі, 5-9 сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің берілуін зерделеу, ИФМ пәндері бірлестігінің онкүндігі, пән мұғалімдерінің өзара сабаққа қатысу дәптерлерін тексеру, 2-7 сыныптар арасында өткізілетін «Зерде» ғылыми жобалар байқауына қатысатын оқушыларды нақтылау, дайындықтарын қадағалау, іріктеу, шет тілі пәні бірлестігінің онкүндігі, көркем еңбек, музыка пәндерінің 2-9 сыныптардағы берілуін зерделеу, тарих пәндері бірлестігінің онкүндігі, көркем еңбек, технология, музыка пәндерінің берілу сапасы, аттестацияға қатысатын мұғалімдермен жұмыс, орыс тілі пәндері бірлестігінің онкүндігі, бастауыш пәндері бірлестігінің онкүндігі, «Үздік педагог» байқауына ұсыну, өнер, денешынықтыру пәндері бірлестігінің онкүндігі бойынша жыл бойы мектепшілік бақылау жұмыстары жүргізілді. Әрбір жүргізілген жұмыстар бойынша анықтамалар мен хаттамалар жазылды. Анықтамалар мен хаттамалар қаулысына сәйкес жұмыстар жасалды.

№1 әдістемелік кеңеске кеңес төрайымы мен мүшелері қатысып, төмендегі мәселелер қарастырылған:

1. Әдістемелік пән бірлестік жетекшілерін, әдістемелік кеңес жетекшісі мен мүшелерін, озат тәжірибе мектебінің мүшелерін тағайындау.
2. 2023-2024 оқу жылында ҚР білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатты таныстыру, талдау.

№2 әдістемелік кеңеске кеңес төрайымы мен мүшелері қатысып, төмендегі мәселелер қарастырылған:

1. Жас мамандарға әдістемелік көмек, педагогикалық қолдау.
2. Олимпиаданың 1-кезеңін ұйымдастыру жұмысының жүйелілігі.
3. Қазақ тілі мен ИФМ пәндерінің онкүндігі нәтижесі.

№3 әдістемелік кеңеске кеңес төрайымы мен мүшелері қатысып, төмендегі мәселелер қарастырылған:

1. Шет тілі мен орыс тілі пән бірлестіктерінің онкүндігі нәтижесі.

2. Республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңіне дайындық жұмыстары.
 3. I жартыжылдық бойынша пән мұғалімдерінің біліктілік арттыру курстарынан өтуі.
- №4 әдістемелік кеңеске кеңес төрайымы мен мүшелері қатысып, төмендегі мәселелер

қарастырылған:

1. Орыс тілі мен бастауыш сынып пәндерінің онкүндігінің қорытындысы.
2. Ағылшын тілі пәні бойынша бастауыш сыныптарының білім сапасы.
3. Аттестаттаудан өтетін педагог қызметкерлердің тізімін нақтылау.
4. Ауыл мектептерінің 9- сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің қорытындысы.
5. 7-8 сынып оқушылары арасында республикалық юниорлық олимпиаданың II қалалық кезеңінің қорытындысы.

№5 әдістемелік кеңеске кеңес төрағасы мен мүшелері қатысып, төмендегі мәселелер қарастырылған:

1. «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының қалалық кезеңінің қорытындысы.
2. Аттестаттау комиссиясы мен сараптамалық кеңестің құрамының жұмыстарының барысы.
3. Аттестациядан өтетін педагогтердің ПББ кезеңінен өтуі.

Әр әдістемелік кеңес отырысында талқыланған мәселелер бойынша орындау мерзімі мен жауапты тұлға көрсетіліп қаулы шығарылған.

Әдістемелік кеңес отырысының хаттамалары мектеп сайтының «Аттестация» қойындысының «Жалпы сипаттама/ Мектептің жұмыс жоспары» бөлімінде салынған: <https://281mektep.edu.kz>

1.3 Нақты деректердің "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесіне сәйкестігі

ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы, ҚР ОАМ 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығы, ҚР БҒМ 2012 жылғы 27 желтоқсандағы №570 бұйрығы негізінде "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесіне №281 негізгі мектебі мәліметтері енгізілген.

ҰБДҚ-да төмендегі бөлімдер бойынша мектеп туралы мәліметтер толтырылған:

- 1) Тіркеу мәліметтері
«№281 негізгі мектебі» КММ білім беру ұйымының түрлері бойынша жалпы орта білім беретін мектеп түріне жатады.
 - 2) Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтері
Мектеп бойынша оқыту тілі – қазақ тілі. Оқыту 0 сыныптан бастап жүргізіледі, оқу ұзақтығы – 9 жыл.
 - 3) Қосымша мәліметтер
 - Кадрлар туралы қосымша мәліметтер
Барлық оқу жылдары бойынша педагог кадрлардың аттестациядан өтуі туралы бұйрықтар салынған.
 - Қамқоршылық кеңестер
«№281 негізгі мектебі қамқоршылық кеңесі 2.11.2021, тіркеу нөмірі №23, кеңес мүшелерінің саны – 7.
 - Контингент туралы қосымша мәліметтер
Сыныптар жиынтығы бойынша әр сыныптың оқыту тілі, жоспарланған сыныптар саны, жоспарланған контингент, факт бойынша контингент мәліметтер көрсетілген.
- Қызметкерлер
- ҰДДБ бойынша мектепте 52 қызметкер енгізілген, оның ішінде педагогтер саны - 24. Қызметкерлердің жеке мәліметтері, сағат саны, жүргізетін пәні, жетістіктері, жұмысқа қосылған, жұмыстан шыққан қызметкерлер мәліметтері көрсетілген.
- 4) Материалдық-техникалық қор
 - Ғимарат туралы мәлімет

ҰДДБ бойынша ғимарат саны -1. Ғимарат түрі – негізгі, оқу ғимараты, типі – типтік, 2016 жылы салынған, 2017 жылы пайдалануға берілген. Кедергісіз қол жеткізу бойынша пандустар, кіру алаңында және тайғанамайтын кіре беріс бар, баспалдақтың бірінші және соңғы сатыларының контраст түстермен боялған, екі жақты тұтқасы бар (жарақаттамайтын, үстінен және астына көлденең аяқталған), мектепке қол жетімділік белгісін орнатылған.

- Кабинеттер/Сыныптар/Дәрісханалар

ҰДДБ бойынша зертханаларды қоса алғанда кабинеттер саны –12. Оқу кабинеттері мен зертханаларды қоса алғанда сынып бөлмелерінің ауданы – 1276,2 ш.м., 5-6 жастағы балаларға арналған ойын бөлмесі – 1.

- Асхана

ҰДДБ бойынша 25 орынға арналған асхана бар, тоңазытқыштар – 2, электр плита– 2, пісіру шкафы – 2, үстелдер -6, орындықтар – 25.

- Кітапхана/оқулықтар

ҰДДБ бойынша кітапхана саны -1, ауданы 30 ш.м., оқу залдарының саны – 1, оқу залдарында отыратын орындар саны -15, оқырмандар саны -100, келіп кетушілер саны 100, кітап беру саны – 1250. Кітапханадағы барлық кітаптар саны 1910, оның ішінде оқулықтар 1268, кітаптар – 638.

- Компьютерлеу

ҰДДБ бойынша 2017 жылдан бастап компьютерлер саны,оның ішінде қолданылуы, ғаламторға қосылуы, т.б. мәліметтер бар.

- МТҚ туралы қосымша мәліметтер

ҰДДБ бойынша мектепте 1 типтік спорт залы және 1 бейімделген спорт алаңы енгізілген. Спорт залдарының ауданы 159,2 ш.м. және 3700 ш.м., спорт алаңының ауданы 50,9 ш.м.

Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер

ҰДДБ бойынша мектеп электрондық үкімет порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсетеді, білім беру процесінде kundelik.kz электронды журналы қолданылады, білім беру процесінде onlinemektep.org цифрлық ресурсы қолданылады, 19.04.2024 ж. «Compus Connect» ЖШС-мен №30 шарт жасалған, шарт сомасы 33 800 тг.

5) Төлқұжатты толтыратын жауапты адам

ҰДДБ толтыратын жауапты тұлға мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары –Абдрахманов Каскырбай Тұрғанбаевич ЖСН, телефон нөмірлері, электронды поштасы көрсетілген.

6) Ұйымның төлқұжаты. Контингент.

ҰДДБ бойынша контингент бөлімінде түлектер, келген, кеткен оқушылар мәліметі, кетуге тиіс, келуге тиіс оқушылар мәліметтері енгізілген.

II СЫРТҚЫ БАҚЫЛАУ

2.1 Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу

Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-бабына сәйкес әзірленді және бастауыш және негізгі орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру деңгейінде білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу тәртібін айқындайды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығы, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 12) тармақшасына сәйкес білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингіне дайындық жұмысын жүргізу негізінде мектеп директорының бұйрығы шығарылды. Бұйрық негізінде білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингіне дайындық бойынша іс – шаралар жоспары құрылып, іс – шаралар жоспарын іске асыру бойынша жұмыстар атқарылды. Пәндер спецификасына дайындық бойынша қосымша сабақтарды өткізу кестесі құрылып, кесте бойынша дайындық шаралары ұйымдастырылды. Оқушыларды, ата-аналарды, пән мұғалімдерін ББЖМ өткізудің қағидаларымен, ережелерімен таныстыру бойынша жұмыстар атқарылды.

ББЖМ бойынша мектебімізде әдістемелік көмек көрсетіліп, тест сынақтары жүргізілді. ББЖМ 4-сыныптарда тестілеу нысанында электрондық форматта, оқыту тілінде үш бағыт (оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық) бойынша, 9-сыныптарда электрондық форматта оқыту тілінде үш бағыт (оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық) бойынша тестілеу нысанында ұйымдастырылды. 4,9 – сыныптарда байқау тестілері ұйымдастырылып, сараптама, талдау жұмыстары жүргізілді.

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (бұдан әрі – ББЖМ) білім беру ұйымдарынан тәуелсіз "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі – МЖБС) сәйкес білім алушылардың білім сапасын жүйелі бақылау болып табылады. ББЖМ МЖБС талаптарына сәйкес білім алушылардың білім сапасын бағалау мақсатында 2023 жылдың сәуір айында 4,9 - сыныптар арасында кешенді тест сынағы алынды.

2022- 2023 оқу жылында ББЖМ бақылау бойынша тест сынағы нәтижесі негізінде мектебімізде «ББЖМ бойынша дайындық жұмыстарын жүргізудің квалиметриясы» атты тақырыпта қалалық деңгейде семинар болып өтті.

Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу бойынша құжаттар мектеп сайтының «Аттестация» бөліміне салынған <https://281mektep.edu.kz>

2.2 Халықаралық зерттеулер (PISA, PIRLS, ICILS, TIMSS, TALIS)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы

№ 204 бұйрығы, PISA, PIRLS, ICILS, TIMSS, TALIS – Халықаралық зерттеуіне дайындық және білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісі қағидаларына сәйкес мектептегі дайындық жұмысын жүргізу негізінде мектеп директорының № 17 бұйрығы шығарылды.

Бұйрық негізінде Халықаралық зерттеуге дайындық іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді және іс – шаралар жоспарын іске асыру бойынша жұмыстар атқарылды. Жоспарға сәйкес сынама тесттер ұйымдастырылып, тест нәтижесімен әрі қарай да жұмыстар

атқарылды.

Оқушыларды, ата-аналарды, пән мұғалімдерін Халықаралық зерттеулерге дайындық қағидаларымен, ережелерімен таныстыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Мектеп психологы К. Жолмырзаева Халықаралық зерттеулерге қатысатын сыныптар бойынша диагностика жүргізу, психологиялық қолдау көрсету бойынша жұмыстар жасап, талдау жұмыстарын жүргізді.

Халықаралық зерттеулерге дайындық, олардың нәтижелері, қорытынды бойынша атқарылған жұмыстар мектеп сайтының «Аттестация» бөліміне салынған <https://281mektep.edu.kz>

III КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ТАЛДАУ

3.1 Педагогтердің оқу жүктемесі (тарифтеу) туралы мәлімет

Білім беру ұйымында мұғалімдерді тарифтеуді дұрыс жүргізу мақсатында мектеп директорының бұйрығымен тарифтеу комиссиясы құрылған. Тарифтеу комиссиясы мұғалімдердің білімі туралы құжаттарын, еңбек өтілін растайтын құжатын, біліктілік санатын растайтын куәліктерін, сағаттарының жалпы санын, қосымша төленетін үстеме ақылардың заңға сәйкестігін бақылайды.

2021-2022 оқу жылы бойынша жалпы тарификациялық сағат саны- 287 сағат. МАД -20 сағат, 1-9 сынып бойынша 287 сағат. Үйден оқыту бойынша – жоқ.

2022-2023 оқу жылы бойынша жалпы тарификациялық сағат саны - 272 сағат. МАД – 20 сағат. 1-9 сыныпта 252 сағат. Үйден оқыту бойынша – жоқ.

2023-2024 оқу жылы бойынша тарификациялық сағат саны- 251 сағат. МАД -20 сағат, 1 - сыныптар бойынша 251 сағат. Үйден оқыту сағаты - жоқ. 2023-2024 оқу жылының 2-жарты жылдығы бойынша қайта тарифтеуде сағат саны өзгеріссіз.

Педагогтердің оқу жүктемесі (тарифтеу) мектеп сайтының «Аттестация» қойындысының «Кадр құрамы» бөлімінде орналастырылған <https://281mektep.edu.kz>

3.2 Білім беру ұйымының басшысы, басшының орынбасарлары туралы мәлімет

№	Аты-жөні	Мектебі	Білімі	Оқу орны атауы, бітірген жылы, мамандығы	Қызметі	Сабак беретін пәні	Санаты, алған жылы, бұйрық нөмірі	Менеджмент бойынша курстан өтуі (соңғы 3 жыл)	Деңгейлік бағдарлама бойынша 3 айлық курстан өтуі 6 ай, 9 ай курс	Пән бойынша курстан өтуі (соңғы 3 жыл)
1	Жолмырзаева Айтолкын Жолдасовна	"№281 негізгі мектебі" КММ	жоғары	М.Маметов а атындағы педагогикалық колледж Бастауыш сынып мұғалімі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университе ті 2009ж, Педагогика және психология	Мектеп директоры	Бастауыш сынып	Педагог-сарапшы 2024ж 1 қыркүйек №121-бұйрық "Басшы-ұйымдастырушы" 2023 жылғы 1 қыркүйек №106	«Білім берудегі менеджмент» 2023ж	2019 3 ай, III деңгей	80 сағат, 2024ж

2	Абдрахманов Каскырбай Турганбаевич	"№281 негізгі мектебі" КММ	жоғары	Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты 2004ж, бастауыш сынып пәнінің мұғалімі	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	Бастауыш сынып	Педагог-сарапшы 2023ж 31 тамыз №98 н\к бұйрық "үшінші санатты басшының орынбасары" 2023 жылғы 1 қыркүйек №107 н\к	«Білім беру ұйымдарын басқару менеджменті» 2022ж	2018 3 ай, III деңгей	80 сағат, 2024ж
5	Тлеумбетова Нуржамал Жеткергеновна	"№281 негізгі мектебі" КММ	жоғары	«Болашақ университеті» 2010ж, Бастауыш сынып пәнінің мұғалімі	Мектеп директорының бейінді ісі жөніндегі орынбасары	Бастауыш сынып	Педагог-сарапшы 2024ж 29 тамыз №175 бұйрық "үшінші санатты басшының орынбасары" 2023 жылғы 1 қыркүйек №107 н\к	«Білім беру ұйымдарын басқару менеджменті» 2022ж	2019 3 ай, III деңгей	80 сағат, 2024
6	Қалабаев Мейрамбек Әнуарбекұлы	"№281 негізгі мектебі" КММ	жоғары	Орталық Қазақстан Академиясы. 2014ж Информатика мұғалімі	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Информатика	Педагог-сарапшы 14.12.2019ж №213-н\к\2 "үшінші санатты басшының орынбасары" 2024 жылғы 29 тамыз №187 н\к	Білім беру ұйымдарын басқару менеджменті» 2021ж	2018 6 ай, II деңгей	80 сағат, 2022

Мектеп басшысы, басшысының орынбасарлары туралы мәліметтер мектеп сайтының «Аттестация» қойындысында «Кадр құрамы» бөлімінде орналастырылған <https://281mektep.edu.kz>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығына 4-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6-қосымшасымен оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспарының вариативтік оқу жүктемесінен 5 сыныптар үшін «Парасаттылық және әдеп» - 0,5 сағат, 6 сыныптар үшін «Экология» курсынан 0,5 сағат, 7 сыныптар үшін «Сындарлы ойлау және эмоционалды интеллект» курсынан -0,5 сағат; 8 сыныптар үшін «Медиасауаттылықтан» -0,5 сағат, 9 сынып үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығына 4-қосымша, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының вариативтік оқу жүктемесінен Зайырлылық және дінтану негіздері 1 сағат бөлініп берілді.

2022 – 2023 оқу жылына арналған мектепшілік жоспарын белгілеп, мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтамасыз етуде, оқушылардың бос уақыттарын есепке алып, пәндік және басқа да үйірме, секцияларға тартуда, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, оқушыларды мектептен және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының барлық түрлерімен қамтуда нысаналы жұмыстар атқарылған.

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (1 жарты жылдығында ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. №500 бұйрығына 1-қосымша, 6-қосымша, 86-қосымша

2022-2023 оқу жылында мектептердің дайындығына байланысты вариативті компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзіреттіліктер» курсын таңдауға немесе басқа да элективті курстарды өткізуге болатындығы жазылған. Осыған байланысты төмендегі сыныптардағы білім алушылардың ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектесетін курстар енгізілді:

5 - сыныптарға- «Парасаттылық және этика» тақырыбында-0,5 сағат
6 - сыныптарға- «Экологиялық мәдениет» тақырыбында-0,5 сағат
7 - сыныптарға- «Сындарлы ойлау» тақырыбында-0,5 сағат
8 - сыныптарға- «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық» тақырыбында - 0,5 сағат

9- сыныптарға- «Жаһандық құзыреттілік курсы» сағаттары (Зайырлылық және дінтану негіздері) – 1 сағат берілді.

2023 – 2024 оқу жылы. Оқу жылында педагогикалық кеңесте білім алушылардың бейініне қарай сынып ашылуы қаралып, хаттамаланған.

Бастауыш сыныптар бойынша мектеп компонентінен (вариативті оқу жүктемесінен) 1-сыныптар үшін «Көркем жазу» -1 сағат, 2-сыныптар үшін «Көркем жазу» -1 сағат, 3 сыныптар үшін «Сиқырлы математика» үйірмесінен-1 сағат; 4 сыныптар үшін «Сиқырлы математика» үйірмесінен - 1 сағат.

5-9 сыныптар бойынша «Жаһандылық құзыреттілік» курсынан вариативті компоненттен :

5 сыныптар үшін «Парасаттылық және этика» тақырыбында 0,5 сағат

6 сыныптар үшін «Парасаттылық және этика» тақырыбында 0,5 сағат

7 сыныптар үшін «Парасаттылық және этика» тақырыбында 0,5 сағат

8 сыныптар үшін «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық» тақырыбында 0,5 сағат

9 сыныптар үшін «Зайырлылық және дінтану» тақырыбында 1 сағат

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 және «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрықтарына сәйкес вариативтік компоненттегі факультативтерді таңдау курстары ұйымдастырылған. Сабақ кестелері жасалып, бекітілген.

Сабақтар мен факультативтік сабақтар кестесіндегі білім салалары бойынша оқу пәндерінің сағат сандары ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес.

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы қолданысқа алынып, белгіленген талаптар мен нормалар сақталады, оқу сабақтарының кестесі, сабақтардың ұзақтығы және өзгерістерді ұйымдастыру талапқа сай жүргізілді. Есепті кезеңге арналып әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі сай жасалған.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша сабақ кестелері мектеп сайтының «Аттестация» қойындысының «Оқу жұмысы» \ «Сабақ кестесі» бөлімінде салынған: <https://281mektep.edu.kz>

5.4 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында білім алушылардың оқу жетістіктері балл қою арқылы формативті бағалау жүргізілген. 2021-2022 оқу жылында 62 оқушы бағаланып, оқу үздігі – 11 оқушы, оқу екпіндісі – 23 оқушы, жылдық білім сапасы 68% болды. 2022-2023 оқу жылында 59 оқушы бағаланып, оқу үздігі – 14 оқушы, оқу екпіндісі – 24 оқушы, жылдық білім сапасы 62% болды. Ал 2023-2024 оқу жылында 56 оқушы бағаланып, оқу үздігі – 16 оқушы, оқу екпіндісі – 23 оқушы, жылдық білім сапасы 78% құрады. 2-9 сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүзеге асырылған. Барлық оқу жылдарында 2-9 сыныптарда алынған бөлім бойынша бағалау 7 және 20 балдың арасында жүргізілген. Оқу жылдарындағы талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеу барысында, әр мұғалім бағаланатын оқушы санын өзі анықтап, қалыптастырушы бағалау нәтижелерін күн сайын kundelik.kz-ке ұпай түрінде қойып отырды. Қалыптастырушы бағалау үшін ең жоғары ұпай 2-9 сыныптарда 10 ұпайдан аспайды. 2-9 сыныптарда бөлім және тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу кезінде қойылатын талапқа сай жүргізілді.

№	Оқу сатылары	2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
		Оқушы саны	Сапа	Оқушы саны	Сапа	Оқушы саны	Сапа
1	2-4	16	81 %	17	64 %	17	70%
2	5-9	40	65 %	36	75%	34	58%
3	10-11						
Барлығы		56	70%	53	71%	51	62%

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6-сәуірдегі №130 бұйрығына (27.08.2022 жылғы №382 бұйрығымен енгізілген өзгерістер) сәйкес БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау кестелері толтырылып, пән бірлестік отырысында талданды. Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу талапқа сәйкес келеді.

Білім алушылардың 3 жыл көлеміндегі білім сапасы мен оқу үлгерімі туралы мәлімет

Оқу жылы	I тоқсан		II тоқсан		III тоқсан		IV тоқсан		Жылдық	
	Білім сапасы	Үлгерім сапасы	Білім сапасы	Үлгерім сапасы	Білім сапасы	Үлгерім сапасы	Білім сапасы	Үлгерім сапасы	Білім сапасы	Үлгерім сапасы
2021-2022	62%	100%	58%	100%	58%	100%	58%	100%	59%	100%
2022-2023	62%	100%	63%	100%	65%	100%	62%	100%	61%	100%
2023-2024	62%	100%	63%	100%	64%	100%	70%	100%	68%	100%

2021 – 2022 оқу жылында I оқу тоқсаны - 62%, II оқу тоқсаны- 58%, III оқу тоқсаны қорытындысы бойынша білім сапасы - 58%, IV оқу тоқсаны қорытындысы бойынша білім сапасы – 58%, үлгермеуші оқушы жоқ, жылдық білім сапасы – 59%, үлгерім сапасы 100% болған.

2022 – 2023 оқу жылында I оқу тоқсаны - 62%, II оқу тоқсаны- 63%, III оқу тоқсаны қорытындысы бойынша білім сапасы - 65%, IV оқу тоқсаны қорытындысы бойынша білім сапасы – 62%, үлгермеуші оқушы жоқ, жылдық білім сапасы – 61%, үлгерім сапасы 100% болған.

2023-2024 оқу жылында I оқу тоқсаны - 62%, II оқу тоқсаны- 63%, III оқу тоқсаны қорытындысы бойынша білім сапасы - 64%, IV оқу тоқсаны қорытындысы бойынша білім сапасы – 70%, үлгермеуші оқушы жоқ, жылдық білім сапасы – 68%, үлгерім сапасы 100%

болған. Әрбір тоқсанның соңында педагогикалық кеңесте білім алушылардың оқу-үлгерім деңгейі мен сыныптар бойынша оқу, кему өзгерістері талқыланып отырған. Оқу жоспарындағы пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламалары жасалып, бекітілген. Үлгілік оқу жоспарының инварианттық компоненті орындалған. Жүйелі бақылау нәтижесінде мектепте білім сапасы жоғарылай бастады. Мемлекеттік даму бағдарламасын орындау мақсатында мектебімізде үлгермеуші оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіліп, мектепшілік бақылау жоспары бойынша әрдайым білім сапасы назарға алынып, мониторинг жасалып отырды.

Оқу бағдарламаларын, бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында, барлық тексерулердің қорытындылары ай сайын өтілетін директор жанындағы кеңесте қаралып, анықтама түрінде рәсімделеді.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұны толық игерілген.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау бойынша педагогтердің БЖБ, ТЖБ нәтижелері бойынша талдау жұмыстары мектеп сайтының «Аттестация» қойындысының «Оқу бөлімі/ Формативті және жиынтық бағалау» бөлімінде салынған: <https://281mektep.edu.kz>

5.5 Қорытынды аттестаттау

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылы №3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жапы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында қарастырылған оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008 жылы 18 наурызындағы №125 бұйрығына сәйкес негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын игерген 9,11 сынып оқушылары оқу жылының аяқталу мерзімдерін бекіту және орта білім беру ұйымында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы мектеп директорының бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттаудан өтті. Қорытынды аттестаттау нәтижелері тиісті пәндер бойынша хаттамаға жазылып, қорытындысы педагогикалық кеңесте қаралды. Емтихан бағалары электронды журналға қойылып, хаттама күнделік.kz электронды журналына енгізілді. Қорытынды аттестаттаудың нәтижесінде негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін оқыған пәндерден «5» деген бағасы бар 9 сынып бітірушілеріне « мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 -бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес 2021- 2022 оқу жылында 2 оқушы, 2022-2023 оқу жылында 1 оқушы, 2023- 2024 оқу жылында 2 оқушы негізгі мектепті «Үздік аттестатқа» бітірді. Жыл қорытындысымен үздік деп танылған оқушылар мектеп директорының мақтау қағазымен марапатталды. Педагогикалық кеңестің шешімімен мектепті бітіруші түлектер жалпы тізімнен шығарылды. Негізгі мектепті бітіру туралы аттестаттарды есепке алу және беру, жалпы орта білім туралы аттестаттарды есепке алу және беру кітабына білім алушылардың аттестаттарының сериялары мен нөмірлері, қорытынды бағалары, педагогикалық кеңестің аттестат беру

туралы шешімінің күні көрсетілген. Аттестат алушының қолы қойылған. Кітап номерленіп, шнурланған, басшының қолы қойылып, білім беру ұйымының мөрі қойылған. Барлық бітірушілердің аттестаттағы қорытынды бағалары ҰБДҚ – ға енгізілді.

Қорытынды аттестаттау бойынша емтихан хаттамалары, бұйрықтар, негізгі орта мектепті бітіргендігі туралы аттестатты есепке алу және беру кітабы және жалпы орта білім туралы аттестатты есепке алу және беру кітабы мектеп сайтының «Аттестация» қойындысының «Қорытынды аттестаттау» бөлімінде салынған: <https://281mektep.edu.kz>

VI. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ. БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мектепте ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы және ҚР ОАМ 2023жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығын басшылыққа ала отырып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде тәрбие жұмысының кешенді жоспары әзірленіп, мектептің оқу-тәрбие жұмысы жоспарына кіріктірілген. Мектептің тәрбие жоспары мектеп сайтының «Аттестация» қойындысы «Тәрбие жұмысы»/ «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бөліміне салынған: <https://281mektep.edu.kz>

6.1 Тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстар

2021-2022 оқу жылы. Қазақстанның азаматы және патриоты ретінде жеке тұлғаны рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптастыруға баса назар аудара отырып, оқу компонентін және бүкіл оқу процесін күшейту. Оқу жылында ӘНХ-қа сүйене отырып, мектептегі тәрбие жұмысының жүйесі 8 бағыт бойынша жүргізілген.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын жұмыстар ұсынылған.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Патриоттық сана қалыптастыру; отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау; рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру; құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту; жалпыадамзаттық адами қасиеттер негізінде көп мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру; салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларын қалыптастыру үшін интеграцияланған, үздіксіз және тұрақты жүйені құру.

2. Мектеп қабырғасында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, тұлғалар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін арттыруға және өзін-өзі дамытуға, өздігінен білім алуға ұмтылуға баулу.

3. Қазіргі заман қоғамында әлеуметтік рөл жүйесін орындауда балалардың өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту, тұлғаның қабілетін және дайындығын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру.

4. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылық пен қараусыз қалудың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстың тәрбие беру үрдісіндегі барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынас жасауды және ықпал етуді күшейту.

5. Сынып жетекшілерінің ӘБ қызметін жандандыру арқылы сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру.

6. Отанға, туған өлкеге деген азаматтық-патриоттық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру тәрбиесі – мерекелерге, тәрбие жұмысының барлық бағыттарын, мектептің өзін-өзі басқару жүйесін қамтитын іс-шаралар жоспарлы дайындалып, іске асырылған.

Тәрбиелік мәні – патриоттық сезімді ояту, саламатты өмір салтын насихаттау, ұлттық құндылықты оқушы бойына сіңіру, азаматтық, әлеуметтік жауапкершілікті дамыту, ұжымдық өмір нормаларына тәрбиелеу.

Мектеп қабырғасында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, тұлғалар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін арттыруға және өзін-өзі дамытуға, өздігінен білім алуға ұмтылуға баулу жұмыстары үздіксіз жүргізіліп отырған.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бойынша жылдық жоспарда 14 жұмыс жоспарланған. Оқу жылының басында сынып жетекшілер, мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогке 2021-2022 оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік хатпен таныстырылды. Сынып жетекшілердің өзара тәжірибе алмасу, білім жетілдіру мақсатында семинарлар ұйымдастырылды. Әр тоқсан сайын ата-аналар жиналысы өзгеше, жаңа форматта ұйымдастырылып, мектеп оқушыларының ата-аналары сынып жетекшісі, пән мұғалімдерімен, мектеп орынбасарлары, психолог және мектеп инспекторымен жеке сөйлесіп, көкейіндегі сұрақтарына жауап алып, жұмыстарымен танысты.

1 қыркүйек – Білім күні «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны ұйымдастырылып, <https://www.facebook.com/share/p/19SuW6FEw1/>

2-9 сыныптарда «Тәуелсіздің жетістіктері» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мектеп оқушыларына құқық бұзушылық, оның алдын алу бағытында Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция капитаны А.Бекболатұлы түсіндірме жұмыстарын жүргізсе, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Қалабаев оқушыларды мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырды.

"Қыз балалар арасында салауатты өмір салтын ұстану" тақырыбында Қызылорда облысының облыстық жастар денсаулығы орталығының маманданы және #4 емхана психологтарымен қыздар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында қыз балалардың психологиялық денсаулы мен салауатты өмір салтын сақтау кеңестері берілді. Жиналыс барысында ЖДО психологы қыздарға ойындармен қызықтырса, #4 емхана мамандар жағдаяттармен қызықтыра білді. Алдағы уақытта жиналыс өз жалғасын табады.

ЕЛІН СҮЙГЕН ЕЛБАСЫ

Елбасы...Осы небір алты әріптің өзінде қанша мән-мағына, үлкен бір тарих жатыр десеңші. Бүгінгі айтылар ой Қазақстан республикасының президенті жайлы болмақ.

Еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев-Қазақстан мемлекетінің көшбасшысы. Қазақстанымыз үшін қолынан келгеннің бәрін жасап, елі, жері үшін өмір сүретін дара әрі дана тұлға десек артық етпес. Тәуелсіз елде дүние есігін ашқалы ешбір соғысты көрмей, осындай бозторғай жұмыртқалаған бейбіт, тыныш заманда өмір сүріп отырғанымыз елбасымыздың арқасы деп білеміз.

2021 жылдың 29 қараша күні . №281 негізгі мектебінің 7- сыныбында 1- желтоқсан Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті күніне орай "Елін сүйген Елбасы" атты ашық тәрбие сағаты өткізілді.

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ 30 ЖЫЛ

№281 негізгі мектебінің 5 сынып жетекшісі Азамат Нұрмашов ұйымдастыруымен, оқушыларға бостандық, теңдік, тәуелсіздік ұғымдарын кеңінен түсіндіру, білімдерін кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында ашық сынып сағаты өткізілді.

ЕЛІМНІҢ ЕРКІНДІГІ- ТӘУЕЛСІЗДІК

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай №281 мектепте гуманитарлық пәндер бірлестігі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» тақырыбында мұғалімдер арасында «Білімділер бәйгесі» атты интеллектуалды танымдық сайыс өткізілді.

ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ

"Ұшқыр ой-алаңы"атты дебат.

15- ақпан - Кеңес әскерінің ауғаныстан жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай әскери спорт түрлерінен АК-74 оқу жаттығу автоматын бөлшектеп жинаудан және оқжатарға оқты жинаудан белтемірге тартылудан оқушылар арасында жарыс өткізілді.

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша 12 жұмыс жоспарланған. Қосымша АББ келген қатынастар бойынша да түрлі іс-шаралар, сайыстарға оқушылар қатыстырылған. Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру бағытында 1-9 сынып оқушыларының қатысуымен акция, челлендж, әдеби кеш, жас тілшілер сайысы, дебаттар өткізілген.

ҰСТАЗ БОЛУ-ЖҮРЕКТІҢ БАТЫРЛЫҒЫ

2021 жылдың 4 қазан күні №281 негізгі мектебінде 6 сыныбы және 7 сынып оқушылары ,сынып жетекшілері Нұрмашов Азамат пен Өсербай Айгүлдің ұйымдастыруымен «Ұстаз болу –жүректің батырлығы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

АРДАГЕР ҰСТАЗДАРҒА ҚҰРМЕТ

№281 мектептің 3 сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Алмағанбетова Жанардың ұйымдастыруымен ардагер ұстаздарға арналған мерекелік іс- шара өткізілді.

ДАРА ЖОЛ

Ұстаз деген- жарық күні ғаламның,

Ұстаз деген – анасы ол адамның

Бүкіл әлем мойындайды еңбегін

Сен де одан адам болып жаралдың!

2021 жылдың 5 қазанында №281 негізгі мектепте 6 сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Ермахан Нұртуғанның ұйымдастырумен ардагер ұстаздардың қатысумен мерекелік

«Дара жол» бағдарламасы жүргізілді.

"ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП-ОҚУҒА ҚҰШТАР ҰЛТ"

№281 негізгі мектебінде 2-4 сынып оқушылары арасында Ы.Алтынсариннің 180 жыл толуына орай “Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт” Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің желісі негізінде оқырмандар конференциясы өтті.

АХАҢ ЖҮРІП ӨТКЕН ЖОЛМЕН...

№281 негізгі мектебінде 2021-2022 оқу жылында қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым,

түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл толуына «Ахмет Байтұрсынұлы – асыл дарын, алтын тұлға, ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбындағы іс-шаралар жоспары негізінде, мектеп кітапханашысы Э.Жұмашева 2-7 сыныптар аралығында «Ахаң жүріп өткен жолмен...» тақырыбында А.Байтұрсынұлының туған еліне ғылыми-танымдық саяхат ұйымдастырды.

ТАРИХТЫҢ ТАНЫМАЛ ТҰЛҒАСЫ

№281 негізгі мектебінде 2021-2022 оқу жылында қазақ халқының көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық бағытты ілгері жалғастырушы, ірі ғалым, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеуші, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай, мектебіміздің 8 сынып оқушылары арасында "Тарихтың танымал тұлғасы" тақырыбында информатика пәнінің мұғалімі Қалабаев Мейрамбек Әнуарбекұлының ұйымдастыруымен сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие бағыты бойынша жыл бойы іс-шара өту жоспарланған.

№281 негізгі мектебінің 5 сынып жетекшісі Нұрила Әзбергенованың ұйымдастыруымен, оқушыларға бостандық, теңдік, тәуелсіздік ұғымдарын кеңінен түсіндіру, білімдерін кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында ашық сынып сағаты өткізілді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай №281 мектепте гуманитарлық пәндер бірлестігі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» тақырыбында мұғалімдер арасында «Білімділер бәйгесі» атты интеллектуалды танымдық сайыс өткізілді. Сайысқа ұжымдағы жас ұстаздар қатысып, білім бәйгесінде өз бақтарын сынап, жарысты. Тәуелсіздікке, ел тарихына байланысты сұрақтарға жауап беру, жыр жолдарын құрастыру, суреттерді сөйлету сынды тапсырмаларды орындап, білімділіктерін танытты.

№281 негізгі мектебінде 2-4 сынып оқушылары арасында Ы.Алтынсариннің 180 жыл толуына орай “Кел, балалар, оқылық” атты мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Сайыстың мақсаты: оқушыларды қазақ халқының алғашқы ұстазы Ыбырай Алтынсариннің өнегелі өлеңдері мен әңгімелерінен үлгі алуға шақыру. Сайысқа барлық қатысушылар аса дайындықпен қатысып, белсенділік танытты. Сайыс тартымды, тартысты өтті.

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!

Жыр сыйлайық, нұр сыйлайық тірлікке,

Қастерледік қадіріңді білдік де.

Құтты болсын ұлыс күн жұмылдырған,

Бәрімізді ынтымақ пен бірлікке – деп ақ түйенің қарны жарылған күн ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін тәжірибе жинақтаушы Ертаева Айдананың ұйымдастыруымен 6 сыныбында «Қош келдің, әз Наурыз!» атты ашық тәрбие сағаты түрінде атап өтті.

Төртінші бағыт - Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша жылдық тәрбие жұмысы жоспарланған. Іс-шаралар барысында ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру, отбасылық іс-шаралар өткізілген.

ОҚЫ ЖӘНЕ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТ

«Оқу, немесе халықаралық сарапшылардың пікірінше, оқу сауаттылығы – табысты тұлғаны, бәсекеге қабілеттілікті және қазіргі қоғамда өзара іс-қимыл жасай білуді қалыптастырудың негізгі дағдыларының бірі» - деп Білім және ғылым министрі А.

Аймағамбетов атап өткендей №281 негізгі мектебінде «Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт» жобасы негізінде «Оқы және жеңіске жет» челленджі бастау алған болатын. 6-8 сынып оқушыларына арналған «Оқы және жеңіске жет» челленджі қазіргі таңда өз жұмысын жандандыра түсіп, алғашқы кітап бойынша іріктеу кезеңі болып өтті.

№281 негізгі мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың оқу мәртебесін, белсенділігін арттыру және оқу сапасын жақсарту, балалар мен жастардың мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, сондай-ақ өскелең ұрпақтың бойында жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік бағдарларды қалыптастыру мақсатында «Оқы және жеңіске жет» челленджі ұйымдастырылды.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Аталған бағытта маңызы бар іс-шаралар жоспарланған.

МӘҢГІ ЛАУЛАП ЖАНУ ҮШІН ҒАЛАМДА...

Ай - хой, ғажап қандай бұл!

Ал, қане, кәсіп таңдай біл:

Аламын қандай мамандық,

Алдымда толған таңдау тұр-

деп ақиық ақындарымыз жырлағандай №281 негізгі мектебінде «Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда...» деп аталатын мектеп бітіруші түлектердің мамандық таңдау кеші болып өтті.

МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ ЖАҚСЫ МА? 🤖 🤖

Жаңа заман талабына сай кеңінен қанат жайған мамандық түрлері мен қажеттіліктен шығып қалған мамандықтың түрлері төңірегінде 9 сынып оқушылары арасынан «Жүйріктер» және «Жұлдыздар» атты екі топ жасақтап, «Мамандықтың бәрі жақсы ма?» тақырыбында дебат –пікірталас өткізілді.

Алтыншы бағыт – Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты бойынша жұмыс жоспарланған. Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуға бағытталған. Оқушылар арасында өзін-өзі басқару, дебат қозғалысы жұмыстары жанданып, жүйелі жұмыстар жүргізілді

ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ

"Ұшқыр ой-алаңы"атты дебат.

Жетінші бағыт – Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие. Бұл бағыт бойынша жұмыс жоспарланған.

ЕСІҢЕ МЕНІ АЛҒАЙСЫҢ

№281 негізгі мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері бірлестігінің ұйымдастыруымен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған "Жырлайды жүрек" атты байқау өткізілді.

БАЛА ТІЛІ БАЛ

2022 жылдың 3 ақпанында болатын

"Туған жердің балдырған ұланымыз, Білімділік іздену ұранымыз " атты онкүндіктің

жоспары бойынша қазақ тілі әлеміне саяхат (қазақ тілі пәні күні сәйкес) "Бала тілі бал " тақырыбында мектеп алды даярлық тобындағы оқушылар арасында сайыс өткізілді.

ҚОШ КЕЛДІҢ,ӘЗ НАУРЫЗ!

Жыр сыйлайық, нұр сыйлайық тірлікке,

Қастерледік қадіріңді білдік де.

Құтты болсын ұлыс күн жұмылдырған,

Бәрімізді ынтымақ пен бірлікке – деп ақ түйенің қарны жарылған күн ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін тәжірибе жинақтаушы Ансатова Галяның ұйымдастыруымен 6 сыныбында «Қош келдің, әз Наурыз!» атты ашық тәрбие сағаты түрінде атап өтті.

Ғасыр ұстазы – Қадыр Әмзеұлы!

Бүгін №281 негізгі мектебі ұжымының ұйымдастыруымен сыр үмітін ақтаған мыңдаған шәкірттерімен, жаңалыққа құмар, ізденімпаз, білікті ұстаздардың ұстазына айналған Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, «Ыбырай Алтынсарин» медалінің иегері, тыл ардагері, ақын-ұстаз, жазушы-ұстаз, ғасыр ұстазы Қадыр Әмзеұлының 85 жас мерейтойы А.Тоқмағанбетов мәдениет үйінде салтанатты түрде атап өтілді.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша жұмыс жоспарланған. Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін эстафеталық ойындар, үстел үсті ойындары, ұлттық ойындар, кездесу-тренингтер өткізілді.

6-қараша күні №281 негізгі мектебінде Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ермахан Нұртуғанның ұйымдастыруымен 9 сынып оқушылары арасында үстел теннисінен сайыс өткізілді.

"Қыз балалар арасында салауатты өмір салтын ұстану" тақырыбында Қызылорда облысының облыстық жастар денсаулығы орталығының маманданы және емхана психологтарымен қыздар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында қыз балалардың психологиялық денсаулығы мен салауатты өмір салтын сақтау кеңестері берілді. Жиналыс барысында ЖДО психологы қыздарға ойындармен қызықтырса, емхана мамандар жағдаяттармен қызықтыра білді. Алдағы уақытта жиналыс өз жалғасын табады.

Мектепте барлығы 9 сынып жетекші жұмыс атқарады, орташа еңбек өтілі 10 жыл, санат бойынша: санатсыз -5, модератор – 8, сарапшы-9, зертеуші - 0

Оқу жылы ағымында 5 сынып жетекшілік отырыс өткізілген. Әр отырыста оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, оқушыларды тәрбиелеу бағдарламаларын жасауды, оларды іске асыру бойынша жаңа тәсілдер қамтамасыз етіліп, әрбір оқу тоқсанында жүргізілетін жұмыстар туралы айқындалған. Тәрбие процесінің проблемаларына, тәрбие жұмысының нәтижелеріне, тәрбие жұмыстары саласындағы жағдайлар мен перспективалық мүмкіндіктеріне талдау жасалған. Сынып жетекшілердің алғашқы әдістемелік отырысында:

2021-2022 оқу жылының тәрбиенің жылдық жоспарын бекіту, (бірлестік жетекшілері). Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру Әлеуметтік карта үлгісімен таныстыру

1 –қыркүйек Білім күніне орай өткізілетін «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткізілетін» сабақты жоспарлау, бағыт –бағдар беру;

Сынып жетекшілерге арналған ережемен таныстыру

Оқушыларға арналған мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру. Оқушылар арасында түрлі келеңсіз жағдайларды, құқық бұзушылықтарды болдырмау алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру

Сынып жетекшілердің екінші отырысында:

1. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңызы.

2. Бала тұлғасының дамуы мен оның тәрбиесі.

- Сынып жетекшілердің қаңтар айында өткізілген кезекті отырысында:

1. Оқушылардың сабаққа қатысуы, мектеп формаларының сақталуы, оқу – құралдарының күтілу барысы.

2. Сынып жетекшілердің оқушыларды тәрбиелеу жүйесіндегі рөлі

Сынып жетекшілердің сәуір отырысында:

1. Оқушының тәрбиелік деңгейін бағалау.

2. Бала тәрбиесіндегі ата – ананың жауапкершілігі.

Сынып жетекшілердің мамыр отырысында:

Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру

Ата – анамен жұмыс. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын жүзеге асыру мақсатында мектебімізде аға буынмен арадағы байланысты нығайтып, рухани құндылықтарды дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру бағытында №281 негізгі мектебінде 2020 жылы 29 қазан күні мектеп директорының № 110 бұйрығымен Отбасы кіші мектеп жұмыс аясында «Отбасы мектеп» штабы құрылған. Бұл штабтың құрудың мақсаты – бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру. «Отбасы мектеп» штабы отбасының тәрбиелік әлеуетін, оқушылардың ата-аналарымен қарым-қатынасын үйлестіру және отбасылық тәрбиені жақсарту үшін педагогтердің әлеуетін арттыруға бағытталған. Отбасы кіші мектеп жұмыс аясында:

1. «Парасатты отбасы»

2. «Ата-ана жұмысындағы 1 күн»

3. «Қамқор аға, қамқор әпке»

4. «Ауылдағы 2 апта» жобалары оқушылардың жан-жақты дамуы мен шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға жұмыс жасалуда. Осындай кең ауқымды жұмыстардың нәтижесінде «Отбасы мектеп» штабының арнайы іс-шара жоспары бекітіліп, Ережесі және Бағдарламасы жасалынған Серіктес мекемелер мен Абылай хан атындағы №281 негізгі мектебі арасында ОТБАСЫ МЕКТЕП мүшелігіне меморандумға отырып, келісімге қол қойылған. Осы «Отбасы мектеп» штабының Ережесіне және іс-шара жоспарына сәйкес бірнеше қалалық, облыстық іс-шаралар ұйымдастырылған. Осы жұмыстардың негізі ретінде «Отбасы мектеп» штабының ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ жарық көріп, отбасының тәрбиелік әлеуетін, оқушылардың ата-аналарымен қарым-қатынасын үйлестіру және отбасылық тәрбиені жақсарту үшін педагогтердің әлеуетін арттыруға септігін тигізуде.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында Кәмелтке толмаған балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың / қылмыс, суицид, жыныстық тиіспеушілік, нашакорлық/ алдын алу жөнінде 2021 -2022 жылға арналған ведомствоаралық бірлескен кешенді іс – қимыл жоспарын басшылыққа ала отырып төмендегідей жұмыстар атқарылған:

«Балалардың қараусыздығы», «Жасөспірім және заң», «Қауіпсіз жол», «Заңға мойынұсынушылық мінез құлық қауіпсіздік келілі», «Дені саудың – жаны сау», «Түнгі қаладағы балалар» дәстүрлі акция аясында жедел профилактикалық шаралар ұйымдастырылған.

Адал ұрпақ 2021-2022 оқу жылында «Адал ұрпақ» еріктілер клубының іс-шара жоспары жасалған. «Парасатты азамат» бұрышы стенд ілінген. Тоқсан сайын оқушылардың адамгершілігі мен құқықтық мәдениетін жоғарылатуға бағытталған шаралар ұйымдастырылған. «Құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік», «Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қандай болады?», «Біздің таңдауымыз-құқықтық мемлекет», «Мемлекеттік қызмет- елдің мүддесіне адал еңбек» шығармалар, байқау, дөңгелек үстел ұйымдастырылып, 5-9 сыныптардан 42 оқушы қамтылған. «Сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті» атты эссе байқауы ұйымдастырылып, 5-8 сыныптар (44 оқушы) қамтылған.

2021-2022 оқу жылының «Сымбат» қыздар ұйымы жоспары жасалынып, бекітілген. Қыз баланың қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, адал достықты түсінуге, өнерге, мәдениетке, өткен тарихымызды білуге, оны қадірлеуге отан сүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында «Қыз тәрбиесі қоғам тәрбиесі» тақырыбында 8-9 сынып (9 оқушы) қыз балаларымен онлайн дөңгелек үстел өткізілген. Қыздар гигиенасы туралы (баяндама), темекі шегуге, ішімдік ішуге, төбелесуге бейім қыздарды анықтап, олармен жеке жұмыс жүргізілген. «Қауіпсіз мектеп» акция,

«Полиция-дос және қорғаушы» кездесу, «Жасөспірім және заң» дөңгелек үстел, «Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл» кездесу, «Ата-анам және мен» заңгер, ЮП инспекторлары, психологтар, үкіметтік емес ұйымдары өкілдерін және т.б. қатысуымен есепте тұрған қолайсыз отбасылар мен балалар үшін кездесулер, «Менің құқығым мен міндеттерім» жасөспірімдермен және ата-аналармен құқықтық түсіндіру жұмыстары және мектепте зорлық-зомбылықты, қорқытып алуды, ақша жинауды анықтау үшін анонимді сауалнама, тест алынған.

«Азамат» ұлдар ұйымының жаңа жетекшілері және мүшелері сайланған. Ұл баланың қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, адал достықты түсінуге, оларды өнерге, мәдениетке, ұлттық тарихымызды білуге, отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында «Темекі тартқаның - өзіңді құртқаның» атты акция, Жасөспірімдердің инспекциясымен бірлескен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы шаралар, «Тәуелсіз елім – тірегім, самғауыңды тіледім» апталық, «Денсаулықтың қастары мен достары» тақырыбында дебаттық пікірсайыс, «Ерте жыныстық қатынас және ерте жүктілік туралы не білеміз?» тақырыбында семинар-тренинг, «Біз өмірді қалаймыз!» кездесу, «Салауатты өмір салты-денсаулығының кепілі» тақырыбында онлайн кездесу, «Бүгінгі бозбала – ертеңгі ел қорғайтын сарбаз» 9 мамыр жеңіс мерекесіне арналған кештер. (Ауған Ұ.О.С ардагерімен кездесу) ұйымдастырылған.

Мектеп парламенті 2021 жылы мектеп парламенті құрылып, оның президенті жалпы мектепшілік сайлауда дауыс беру арқылы сайланған. Президенттікке үміткерлер 7-9 сынып оқушылары арасынан қатысуға 4 оқушы ниет білдірген. Дауыс онлайн формата өткізілген. Нәтижесінде 54,6 пайыз дауыс жинаған 9 сынып оқушы Избасар Ализа жеңіске жеткен. Мектеп парламентінің негізгі мақсат міндеттері төмендегідей: Өзін-өзі басқару ұйымы білім алушылардың білім беру ұйымымен бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, проблемаларын шешуіне мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі болған. Мектеп парламенті тоғыз фракциясының министрлері және тоғыз тюттерлерімен тікелей жұмыс жасаған. Мектеп парламентті алғашқы жұмысын фракциялардың министрлерін бекітілген. Парламент министрлеріне сайлау өткізіліп, 9 оқушы үміткер болып, 5 үміткер көп дауыс жинап, әр фракциясының министрлері болып бекітілген. Оқушылардың бойында азаматтық ұстанымды, өзінің және қоғам алдындағы өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру, елде байқалатын өзекті жағдайларды талдау және жариялы талқылау арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту мақсатында мектепшілік «Ұшқыр ой алаңы» дебат турнирі 3 рет өткізіліп, қалалық, облыстық турнирге қатыстырылған.

«Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі білім тұжырымдамасы» білім беру жүйесін жетілдіру стратегиясын анықтайтын нормативтік-ұйымдастырушылық негіз болып табылады.

Мектептегі «Жас қыран», «Жас ұлан» оқушылар ұйымы 2021-2022 оқу жылдары өз деңгейінде іс-шаралаға белсенділікпен қатыстырылды.

Мектеп оқушыларын қамту 2021-2022 оқу жылында барлық оқушылар санының 50% құрайды.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалауынсыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы 2004 жылы 9 шілдедегі №591 ҚР Заңы және Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 2021 жылғы 17

наурызда өткізілген мәжілістің хаттамасына сәйкес мектепшілік 28.08.2021 жылғы №115 бұйрығы шығарылды. оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында педагог қызметкерлерден төмендегідей мобильдік топ ұйымдастырылған.

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Қалабаев
2. Мектеп психологы К. Жолмырзаева
3. Әлеуметтік педагог Н.Бимахан
4. Мектеп аяжаны Ж.Исаева

Ерекше бақылауды қажет ететін оқушылардың үйлеріне рейд жасау арқылы зерделеу, талдау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесімен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалауынсыз және панасыз қалуының алдын-алу мақсатында құрылған кеңеске ұсынылған. Әр апта сайын екі рет (жұма, сенбі) және мереке күндері рейд жұмыстары жүргізілсін және оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында құрылған жұмысшы тобының рейд кестесі жасалған.«Қауіпсіз мектеп» акция,«Полиция-дос және қорғаушы» кездесу,«Жасөспірім және заң»

дөңгелек үстел,«Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл»кездесу ,«Ата-анам және мен» заңгер, ЮП инспекторлары, психологтар, үкіметтік емес ұйымдары өкілдерін және т.б. қатысуымен есепте тұрған қолайсыз отбасылар мен балалар үшін кездесулер, «Менің құқығым мен міндеттерім» жасөспірімдермен және ата-аналармен құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілген, мектепте зорлық-зомбылықты, қорқытып алуды, ақша жинауды анықтау үшін анонимді сауалнамалар алынған.

Қорытынды: Қазақстанның азаматы және патриоты ретінде жеке тұлғаны рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптастыруға баса назар аудара отырып , Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбиелік шаралар өткізілген.

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Тұлғаны рухани жағынан тәрбиелеуді дамыту, гуманистік дүниетанымын, азаматтық, патриоттық сана-сезімін, әдебиетке және отандық құндылықтарға, отандық және әлемдік мәдениетке деген сүйіспеншілігі мен сыйласымдылығын, коммуникативтік қабілеттілігі мен көптілді мәдениеттілігін қалыптастыруда, шығармашылық оқу жобаларын, сондай-ақ зерттеу әлеуетін дамытуда пәндік, көркем-эстетикалық, музыкалық, әскери-патриоттық, оқушылардың денсаулығын нығайту және олардың қозғалыс белсенділігін жетілдіру мақсатында сыныптан тыс спорт секциялар, мәдени іс-шаралар ұйымдастыруға және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда үйірмелермен қамтамасыз етілген.

2021 жылдың қаңтар айынан бастап мектеп кітапханасында республикалық **«Оқуға құштар ұлт, оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында іс - шаралар жоспары жасалып, соның негізінде уақытылы жұмыстар жасалып келеді.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы "Кітаптар әлемі" тақырыбындағы кітапханаға саяхат <https://www.facebook.com/share/p/15Z7CpKB3z/>

Кітап көрмесі. Оқушылар тарихқа бойлап, елбасы жолы мен өмірі туралы ізденіп, кітаптар көрмесімен танысты.

<https://www.facebook.com/share/p/1H5nnvtKEU/>

ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА» КӨРІНІСТЕРІН СОМДАП, МЕКТЕП ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫРДЫ.

<https://www.facebook.com/share/p/1EYwswMokc/9>

14 - ақпан «Халықаралық кітап сыйлау» күні. «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы

<https://www.facebook.com/share/p/14fGk26FU7/>

"Бір ел - бір кітап" республикалық акциясы аясында Ә. Тәжібаев атындағы кітапханада ұлт ұстазы, қазақ ағартушысы А. Байтұрсыновтың туғанына 150 жылдығына орай, Ахметтің шығармаларының ішінен "Оқу құралы" кітабының мазмұнын талдауға арналған әдеби жиын өтті. <https://www.facebook.com/share/p/1AtfpUAw63/>

2022-2023 оқу жылы бойынша жүргізілген тәрбие жұмыстарының мақсаты: 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің ӘНХ сүйене отырып, мектептегі тәрбие жұмысының жүйесі 8 бағыт бойынша жүргізілген.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын жұмыстар ұсынылған.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Патриоттық сана қалыптастыру; отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау; рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру; құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту; жалпыадамзаттық адами қасиеттер негізінде көп мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру; салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларын қалыптастыру үшін интеграцияланған, үздіксіз және тұрақты жүйені құру.

2. Мектеп қабырғасында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, тұлғалар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін арттыруға және өзін-өзі дамытуға, өздігінен білім алуға ұмтылуға баулу.

3. Қазіргі заман қоғамында әлеуметтік рөл жүйесін орындауда балалардың өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту, тұлғаның қабілетін және дайындығын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру.

4. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылық пен қараусыз қалудың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстың тәрбие беру үрдісіндегі барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынас жасауды және ықпал етуді күшейту.

5. Сынып жетекшілерінің ӘБ қызметін жандандыру арқылы сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру.

6. Отанға, туған өлкеге деген азаматтық-патриоттық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру тәрбиесі – мерекелерге, тәрбие жұмысының барлық бағыттарын, мектептің өзін-өзі басқару жүйесін қамтитын іс-шаралар жоспарлы дайындалып, іске асырылған.

Тәрбиелік мәні – патриоттық сезімді ояту, саламатты өмір салтын насихаттау, ұлттық құндылықты оқушы бойына сіңіру, азаматтық, әлеуметтік жауапкершілікті дамыту, ұжымдық өмір нормаларына тәрбиелеу.

Мектеп қабырғасында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, тұлғалар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін арттыруға және өзін-өзі дамытуға, өздігінен білім алуға ұмтылуға баулу жұмыстары үздіксіз жүргізіліп отырған.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бойынша жылдық жоспарда біршама жұмыстар жоспарланған.

Сынып жетекшілер отырысын (семинар) өткізілді. 2022-2023 оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік хатпен таныстырылды.

2022 жылдың 1-қыркүйек күні Ескіұра ауылындағы №281 негізгі мектепте білім күніне арналған салтанатты жиын және барлық сыныптарда «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1DwV4oYtWB/?mibextid=WC7FNe>

№281 негізгі мектебінде 14.10.2022 күні «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, жыныстық қолсұғылмаушылықтың, уытқұмарлықтың, бопсалау және жол-көлік оқиғаларының алдын алу» тақырыбында мектеп оқушыларының қатысуымен жиын болып өтті. Жиын барысында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қалабаев Мейрамбек Әнуарбекұлы аталған тақырып аясында балаларға құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға сәйкес жауап беріліп, қосымша мәліметтермен де ақпараттандырылды.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02LCQT4cN6s2RtJ9g6K97vaVsv5mvm2
ЖОЛДА ЖҮРУ ЕРЕЖЕСІН САҚТАЙМЫЗ!

№281 негізгі мектебінде оқушыларға "Құқық тәртібі" жедел алдын алу шарасы аясында "Жолда жүру ережесін сақтаймыз!" тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: оқушыларды жол белгілерімен, жолда жүру ережелерімен таныстыру, жол қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда кездесетін түрлі жағдайлар туралы әңгімелеу, үнемі жол ережелерін сақтап жүруге тәрбиелеу.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02xspQ6abqW79SfQaGpL64Wfb8gF94f3

Республика күні – ел тарихындағы атаулы, маңызды мереке. Осыған орай №281 негізгі мектебінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қалабаев Мейрамбек мектеп тәлімгері Ертаева Айдананың ұйымдастыруымен Республика күніне арналған салтанатты жиын болып өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/1V4gez6Kth/?mibextid=WC7FNe>

№281 негізгі мектебінде 8-9 сынып оқушылары арасында «Құқық бұзушылықтың алдын алу профилактикасы шараларын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық және қылмыс, нашақорлықтың алдын-алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық-зомбылық» бағытында ақпараттық-танымдық біліммен қамтамасыз ету мақсатында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Қалабаев және Арал қалалық прокуратурасының бөлім заңгерлерімен түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысында жасөспірімдер арасында белең алып отырған ұрлық, зорлық-зомбылық және құқықбұзушылық туралы мәлімет бере келіп, оның зардаптары мен құқықтық жауапкершілік туралы да кеңінен ақпарат берді

<https://www.facebook.com/share/p/1XiuBrPTjy/?mibextid=WC7FNe>

Осы орайда №281 негізгі мектебінде «Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп психологы К.Жолмырзаева және әлеуметтік педагог Н.Бимаханнның ұйымдастыруымен және емхана мамандары Э.Рамашовалармен 8-9 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды.

№281 негізгі мектебінде «Алаш зиялыларының мұрасы» және «Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары» тақырыбындағы онкүндік аясында 7 сыныбының жетекшісі Ансатова Галяның ұйымдастыруымен 27 қаңтар күні «Тәуелсіз елдің ұрпағымыз» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

№281 негізгі мектебінде "Алаш зиялыларының мұрасы" және "Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары" тақырыбындағы он күндік іс-шара аясында 2023 жылдың 2 ақпан күні тарих пәні мұғалімі Ансатова Галяның «Ахмет Байтұрсынов- ұлт ұстазы» атты ашық сабақ өткізді.

10 қараша күні мектеп тәлімгері А.Ертаеваның зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Мектептегі жасөспірімдердің арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында ұйымдастырылған дөңгелек үстел болып өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/18SZjibNxu/?mibextid=WC7FNe>

Бүгін №281 негізгі мектебінде 25 қазан - Республика күніне орай "Ұланымыз ұлы елдің" тақырыбында "Жас ұлан" Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау жиыны болып өтті

<https://www.facebook.com/share/p/1Afbk7p1KP/?mibextid=WC7FNe>

№281 негізгі мектебінде 13-17 ақпан күндері "Адалдық - ардың ісі" тақырыбында танымдық апталық жүргізілді.

1-8 сынып оқушыларының қатысуымен аталған бағыт бойынша іс-шаралар , 7-9 сынып оқушыларының қатысуымен жұмыстар, 1-9 сынып оқушыларының қатысуымен іс-шаралар ұйымдастырылған.

Бүгін 14 ші қазан күні №281 негізгі мектебінде 8 сыныптардың ұйымдастыруымен “Еңбек еткен - мұратқа жеткен” атты ауыл еңбек ардагерлерімен кездесу өтті.

№281 негізгі мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп— оқуға құштар ұлт» жобасы аясында 7—сынып оқушыларының қатысуымен дайындаған 20 минуттық оқу жобасы бойынша «Білім кілті— кітапхана» атты кітапханаға саяхат сағаты өтілді.

<https://www.facebook.com/share/p/18BynwDF8U/>

Ағымдағы жылдың 28 қыркүйек күні №281 негізгі мектебінде 7 сынып жетекшісі Әзбергенова Н Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай 7сынып оқушыларына “Әуезов әлемі” тақырыбында танымдық сабағын өткізді.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие бағыты бойынша іс-шаралар жоспарланған

Бүгін №281 негізгі мектебінің 8 сыныбында "Үлкенге құрмет" тақырыбында ашық тәрбие сағаты болып өтті.

№281 негізгі мектебінде 2023 жылдың 5-қаңтар күні дене шынықтыру пәні мұғалімі Ермахан Н мен мектеп тәлімгері А.Ертаеваның ұйымдастыруымен «Ұлттық ойындар – ұлтымыздың құнды мұрасы!» атты қазақтың ұлттық ойыны «Арқан

тартыстан» 4-сыныптар арасында спорттық сайыс өткізілді.

№281 негізгі мектебінде "Жас ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен "Күзгі асар" тақырыбында жәрмеңке өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1DicdhLnsh/?mibextid=WC7FNe>

✿ Осынау айтулы күндерді айрықша атап өту мақсатында бүгін №281 негізгі мектебінде жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы әз Наурыз мерекесі тойланды.

✿ <https://www.facebook.com/share/v/12BeXH4uBEj/?mibextid=WC7FNe>

✿ Мектебімізде «Халықаралық отбасы күніне» орай бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орны ерекше екендігін түсіндіру, жанұядағы ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, отбасы мүшелер арасындағы бауырмалдық, үлкенді сыйлауға, ілтипатты болуға баулу мақсатында ата-аналармен түрлі шаралар болып өтті.

✿ <https://www.facebook.com/share/p/19gs4RVSwg/?mibextid=WC7FNe>

1 мамыр—Қазақстан халқының ынтымақ пен бірлік күні «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерекше.

№281 негізгі мектеп кітапханасында «Оқуға құштар ұлт, оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша кітапханашылардың ұйымдастыруымен кітап көрмесі өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/15V3Qievwk/>

Шаралар тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу тұрғысында сабақтар, оқу пәндерінде, қосымша білім беруде, сабақтан тыс іс-әрекеттерде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар кіріктірілген. «Рухани жаңғыру» жобасы аясында акциялар, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша байқаулар, өлкетану жұмыстары жүзеге асырылған.

Төртінші бағыт - Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша жылдық тәрбие жоспарында жұмыстар жоспарланған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын жүзеге асыру мақсатында мектебімізде аға буынмен арадағы байланысты нығайтып, рухани құндылықтарды дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру негізгі міндет болып табылады.

Қоғамымыздың ертеңгі болашағы – бүгінгі жас ұрпақ. Әр халық өзінің тарихын жалғастыратын жас ұрпағын адалдыққа, еңбексүйгіштікке, шыншылдыққа үндеп отырған. Ал тәрбие – күрделі үдеріс. «Тәрбие отбасынан басталады» деп халық даналығы бекер айтпаған. Саналы да, білімді болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келе жатқан "Кел, оқиық!" айдары қатысушылары Ғ.Мүсіреповтың "Ұлпан" романын талқылап, "Мектеп театры" жобасының мүшелері роман желісінен сахналық қойылым ұсынлып, "Еркін ойлар алаңы" дебат клубының пікірсайысшылары "БП қызды қырық үйден тыю ақталады деп есептейді" қарары бойынша ойын үлгісін көрсетілген.

- Ата-аналар комитетінің төрағасы Жалиев Бисенбай - “Балаларымызды бірге қорғайық!”

- Әкелер мектебінің төрағасы Асылбек Жүсіпбаев- “Білімді бала - ел ертеңі” атты оқушыларға танымдық сабағын өткізді.

№281 негізгі мектебінде мамыр айының 18 жұлдызында 7-сынып оқушыларының ата-аналар жиналысы болып өтті.

Жиналыстың мақсаты:

✿ тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін және бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын

орнын ұғындыру;

- ✚ жеке тұлғаның оқу-тәрбие үдерісіне ата-ананың жауапкершілігін арттыру;
- ✚ баланың жазғы демалыс уақытындағы өмір қауіпсіздігін сақтау.

🌸 Жиналыс барысында мектеп психологы К.Жолмырзаева "Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі" тақырыбында тренинг өткізді.

Тренинг мақсаты: ата-ана, бала, сынып жетекші арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ұжым арасындағы байланысты орнату.

Әрі қарай ата-аналарға балалардың жазғы демалыс уақытында қауіпсіздік ережелерін сақтауға, қадағалауға байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жиынға қатысқан ата-аналар өз ойларын, пікірлерін, ұсыныстарын айтты

№281 негізгі мектебінде 8-9 сынып қыз балалары арасында «Ерте жастағы жүктіліктің алдын алу» бағытында ақпараттық-танымдық біліммен қамтамасыз ету мақсатында мектеп психологтары және әлеуметтік педагог маманының ұйымдастыруымен емхана психологтары түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«Ұстаз бен шәкірт»

Ұстазына сұлу сөзден ескерткіш орнатқан Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі бойынша №281 негізгі мектебінің 8-9-сынып оқушыларының қатысуымен «Ұстаз бен шәкірт» атты әдеби кеш өткізілді. Роман-эссенің желісі бойынша оқушылар үзінділер оқып, сахналады. Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі — елдің өсер өркеніне халықтың ұлттың асыл құндылықтарын, қоғамдық сананың тазалығын сақтау, қорғау, келер ұрпаққа кінәратсыз тапсыруды ұсынған интеллектуалдық роман үлгісі. Бұл туындыны оқып, талдауға, тереңіне бойлап, бойымызға сіңіруге бір сағаттық іс-шара аздық етеді. Жазушы тағдырының қиын-қыстауына бойлау үшін оқушыларға осы роман-эссені толық оқып шығуға кеңес берілді. Оқушылар Ұстаз ұлылығынан сыр шерткен шәкіртінің оған деген риясыз махаббатын да көре алды.

Денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет - бұл салауатты өмір салты. 5 желтоқсан күні №281 негізгі мектеп педагог-психологы К.Жолмырзаева «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында мамандарды шақырып, 8-9 сынып оқушылармен жоспарға сәйкес кездесу ұйымдастырды. <https://www.facebook.com/profile.php?id=100044818038987&mibextid=ZbWKwL>

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Аталған бағытта бірнеше маңызы бар іс-шаралар жоспарланған.

Өскенде кім болғың келеді? – бұл үлкендердің балаларға қоятын басты сұрақтарының бірі. Осы мақсатта №281 негізгі мектебінің директордың бейінді ісі жөніндегі орынбасары Тлеумбетова Нуржамал Жеткергенқызының «Кәсіби бағдар беру және талапкер» тақырыбында бітіруші сынып оқушыларымен бейіндік жұмыс түрін жүргізді. Іс –шара барысында кәсіби бағдар беру жұмыстарының маңыздылығы және мамандық таңдауға әсер етуші факторлар, адами капитал – Жаңа Қазақстанның дамуының негізгі ресурсы «сапалы маман», талапкер потенциалының графиктері бойынша ақпараттар берілді.

№281 негізгі мектебінде 7.11.22 күні 9 сынып оқушыларымен "Адалдықты қалыптастырудың алты жолы" тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті. Тәрбие сағатының мақсаты: оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Еліне жеріне, Отанына адал болуға тәрбиелеу. Оқушылар тәрбие сағатының барысында адалдықты қалыптастырудың негізгі алты жолы туралы түсініктерін кеңейтіп, өз ойларын түйіндей білді.

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ЕРЛІКТЕР

4 мамыр күні Ә.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасында Халық қаһарманы Қасым Қайсеновтың туғанына 105 жыл толуына орай танымдық сағат болып өтті.

Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі. Бұл бағыт бойынша да біршама жұмыстар жоспарланған.

Ағылшын тілі пәнінің 10-21 қазан аралығындағы «Legendary Britain» атты онкүндік аясында Еламанова Гүлмарал Айдарқызының ұйымдастыруымен өткізілген «The Best Teacher – 2022» атты пән мұғалімдері арасында сайыс өткізілді.

"Білім жолын бастаған, бастауышым бастамам" атты бастауыш сынып он күндігінің аясында 23-қараша күні "Білімді оқушы-ел ертеңі" тақырыбында 2-4-сыныптар арасында меңтепшілік олимпиада болып өтті.

8 сыныптардың ұйымдастыруымен Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күніне байланысты "Ауғанстан мәңгі есте..." атты ашық тәрбие сағаты өтті.

Қыркүйектің 6-шы жұлдызында №281 негізгі мектептің қазақ тілі пәні мұғалімі Шаманов Махсат Абдуллаұлының ұйымдастыруымен "Қазақ тілім – өз тілім, ана тілім, Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім" атты онкүндік іс-шара жоспары аясында

Дулат Бабатайұлының туғанына – 220 жыл толуына орай "Тасқын судай ағызып, Жырын тыңда Дулаттың!" атты 5-7 сыныптар арасында мәнерлеп оқу сайысы болып өтті.

Мектебімізде Қазақ тілі онкүндігі аясында 8-9 сыныптардың қатысуымен «Көркем сөздің шебері – Ғабит Мүсіреповтың туғанына 120 жыл толуына орай оқырмандар конференциясы» болып өтті.

22.11.2022ж-01.12.2022жыл аралығында "Білім жолын бастаған, бастауышым бастамам" атты өткізілетін бастауыш сынып он күндігінің жоспары бойынша 25-қараша күні "Бәйге" тақырыбында 2-4 сыныптар арасында минутка шапшаң, жылдам әрі тез оқудан сайыс ұйымдастырылып, болып өтті.

2023 жылдың 13 қаңтар күні Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің ұйымдастыруымен №281 негізгі мектепте аймақтық пікірсайыс турнирі өтті.

Зияткерлік ойындар, байқаулар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар, ғылыми-тақырыптық ақпараттық жобалар, шығармашылық жұмыстар оқушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша жұмыстар жоспарланған.

№281 негізгі мектебінде 26.09.2022жылы тіл мерекесіне орай 2-4-сыныптар арасында бастауыш сынып ұстаздары Тлеукабылова Жанар мен Байекешов Амандостың ұйымдастыруымен өткізілген "Шынықсаң шымыр боларсың" тақырыбында спорттық сайыс өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/17ssEАН1XU/>

22.11.2022ж-01.12.2022жыл аралығында "Білім жолын бастаған, бастауышым бастамам" атты өткізілетін бастауыш сынып он күндігінің жоспары бойынша 25-қараша күні "Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ" атты сайыс болып өтті.

<https://www.facebook.com/share/v/1Vnu1fM6CE/>

Жаңа жыл - балалардың асыға күтетін мерекесі. Жасыл шырша, тосын сыйлар, тәттілер, сыйлықтар, бәрі осынау Жаңа жыл мерекесі қарсаңында балаларға үлкен қуаныш сыйлайды.

Биыл мектебіміздің 3 сынып оқушысы Ғабитқызы Інжу мен 5 сынып оқушысы Қалжан Назым үшін ерекше мереке болды. Себебі олар "Жарқыра, жайна жаңа жыл - Тәуелсіз қазақ елінде!" атты Президент атынан өткізілген жаңа жылдық шыршасына қатысып, Президент құттықтауына және сыйлықтарына ие болды. Іс-шара мерекелік концертке ұласып, балалар ертегілер еліне саяхаттады және Аяз ата, Ақшақармен бірге ән

айтып, би биледі. Жаңа жылдық кештен керемет әсер алған оқушыларымыз мемлекет басшысына алғыстарын білдірді.

Мектебіміздің 4 сынып оқушысы Әлімбай Думан үшін ерекше күн. Себебі ол қала әкімінің атынан өткізілген жаңа жылдық шыршаның қонағы болып, қала әкімінің құттықтауы мен сыйлықтарына ие болды. Мерекелік кеш барысында балалар ертегілер еліне саяхат жасап, Аяз ата, Ақшақармен бірге ән айтып, би биледі. Жаңа жылдық кештен керемет әсер алған оқушымыз ерекше көңіл күйге бөленіп, алғысын білдірді.

ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ

 №281 негізгі мектебінде 15-наурыз күні мектеп кітапханасында Қызылорда облысының 85 жылдығына арналған ашық есік күні өткізілді.

«Қош келдің, өз Наурыз» - Наурыз мейрамын тойлауға арналған онкүндік ұйымдастырылды.

Мектепте білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуға бағытталған.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша жұмыстар жоспарланған.

1-мамыр мерекесіне орай «Мен, сен, ол бәріміз - тұтас елдің сәніміз!» атты ұранмен мектебіміздің оқушылары арасында футболдан жарыс өткізілді.

№281 негізгі мектебінде «1-мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні» мерекесіне орай дене шынықтыру пәні мұғалімі Н.Ермаханның ұйымдастырумен «Спорт – қазақстандықтардың таңдауы!» тақырыбында оқушылар арасында волейболдан жарыс өткізілді.

№281 негізгі мектебінде 7 мамыр - Отан қорғаушылар және 9 мамыр - Жеңіс күні мерекесіне орай "Аманат" партиясының қолдауымен 5-7 сынып оқушылары арасында "Асық ату" сайысы болып өтті.

№281 негізгі мектебінде құқықтық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында есірткінің жасөспірімдердің ағзасына зияндылығы, құқықтық салдары және оларды есірткі курьері ретінде тартудың тәсілдері туралы "Есірткісіз болашақ" тақырыбында бейне материалдар көрсетіліп, 8-9 сынып оқушыларымен қосымша түсіндірме жұмыстары жүргізілді

№281 негізгі мектебінде есірткі қолдануға, заңсыз айналымына қатысуға қарсы іс-шаралар жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Қызылорда облыстық жастар денсаулығы орталығының, салауатты өмір салты орталығының мамандарымен, сондай-ақ полиция департаменті мамандарымен кездесулер ұйымдастырылып, мектеп психологтарымен әр түрлі іс-шаралар, тренингтер өткізіліп отырады.

Мектебімізде құқықтық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында есірткінің жасөспірімдердің ағзасына зияндылығы, құқықтық салдары және оларды есірткі курьері ретінде тартудың тәсілдері туралы ОПД ЕҚҚІББ-мен мемлекеттік тілде жолданған бейнедәріс №281 негізгі мектебінің 8-9 сынып оқушыларына және ата-аналарға көрсетіліп, қосымша түсіндірме жұмыстары жүргізілді

Бұқаралық спорт түрлерінен сайыстар ұйымдастырылған. Өткізілген әрбір іс-шара әлеуметтік желіде жарияланып отырған. Мұғалімдер ұжымы оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысына басты назар аударған. Өзін-өзі басқару ұйымы жоспары жасалып бекітілген. Жоспар бойынша ұйымдастыру жұмыстары, отырыстары. 2023 жылы мектеп парламенті президенті жалпы мектепшілік сайлауда дауыс беру арқылы сайланған. Президенттікке үміткерлер 8-9 сынып оқушылары арасынан қатысуға 12 оқушы ниет білдірген. Нәтижесінде

55 пайыз дауыс жинаған 8 сынып оқушы Баймағанбет Мәулім жеңіске жеткен. Мектеп парламентінің негізгі мақсат міндеттері төмендегідей: Өзін-өзі басқару ұйымы білім алушылардың білім беру ұйымымен бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, проблемаларын шешуіне мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі болған. Мектеп парламентті сегіз фракциясының министрлері және сегіз тютерлерімен тікелей жұмыс жасаған. Парламент министрлеріне офлайн сайлау өткізіліп, 12 оқушы үміткер болып, 5 үміткер көп дауыс жинап, әр фракциясының министрлері болып бекітілген. «Қызықты өсімдіктер әлеміне саяхат», «Кел, балалар оқылық!», «Жолда абай бол жеткіншек» атты тақырыпта танымдық сағаттар, Қазақстанның қоғам қайраткері Д.Қонаевтың туғанына – 110 жыл, Кенесары хан туылғанына – 220 жыл толуына орай сынып сағаттары, «Бірге оқимыз» челенджі, «Күз-береке, мереке», «Қайырымдылық бастауы береке мен бірлікте» бау-бақша дақылдарынан жәрмеңке, «Біз жастар ертеңі елдің» жобасы аясында жиналыс, «Үнем-қоғам қуат» роликтер шеруі, «Мен сияқты жаса» челендж, «Мен және менің ұстазым» мерекелік құттықтау, «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясы өткізілген. Мектептегі «Жас қыран», «Жас ұлан» оқушылар ұйымы 2020-2023 оқу жылдары өз деңгейінде қалалық іс-шаралаға белсенділікпен қатыстырылды. Қалалық сайыстарда жүлделермен марапатталған.

Мектепте оқушыларды қамту төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылған:

- мектеп үйірмелері - 9
- секциялар - 12
- мектептен тыс жұмыстар - 6

Мектеп оқушыларын қамту 2022-2023 оқу жылында барлық оқушылар санының 70% құрайды.

2022-2023 оқу жылында құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы іс-шара жоспары әзірленіп, бекітілген. Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңес құрамы мектеп директорының 2022 жылдың 29 тамыз № 85 бұйрығымен бекітілген. Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жоспарына сәйкес сынып жетекшілер мен ата-аналардың қатысуымен 15 отырыс өткізілген. Әр отырыста 25 мұғалім, 30 ата-анадан қатыстырылған.

- қамқорлыққа алынған оқушылардың тұрмыс жағдайы;

- 5-9 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерінің талдауы;

- Қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (толық емес отбасылар, тұрмысы нашар отбасылар, баланы өгей әкесі, өгей шешесі тәрбиелеп отырған отбасылар, үшінші тұлғалардың қамқорлығында (қорғаншылық, патронат) рейдтік іс-шараларды талдауы;

- Кәмелетке толмаған балалар арасындағы құқық бұзушылық, қараусыздық пен панасыздық жағдайын зерттеу, І тоқсан бойынша әлеуметтік зерттеулерді ұйымдастыру жайлы;

- Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат;

- Ата-аналардың балаларға қатысты құқыққа қарсы әрекеттері үшін жауапкершілігі т.б ағымдағы мәселелер қаралған.

Оқушылардың құқық бұзушылық пен қараусыз қалудың алдын алу мақсатында білім беру ұйымында әлеуметтік қауіпті жағдайда тұрған оқушылар мен отбасыларды зерттеу ұйымдастырылған.

Педагог-психолог, сынып жетекшілер және мектеп әкімшілігі балалармен және ата-аналармен жеке жұмыс жасауды іске асырған. Әлеуметтік жағдайы нашар отбасылармен және тәуекел топқа бейім отбасылардың үйлері араланып, сұхбаттар жүргізілген.

Полиция қызметінің өкілдерімен 12 кездесу, әр оқушымен 5 әңгімелесу өткізілген.

Рейд өткізу жұмысы мұғалімдер және ата-аналар қауымының өзара серіктестік етуіне, оқушыларды және отбасыларды анықтауға, педагогикалық қолдау көрсетуге, даулы ситуацияларды шешуге ықпал еткен.

Құқық бұзушылық жағдайдардың алдын алу мақсатында учаскелік инспекторы тәуекел топқа бейім оқушылармен түсіндіру жұмысын өткізіп, сынып жетекшілердің сұранысы бойынша сынып сағаттарында және жұмыс күнінің басында және аяғында кезекшілік етуге қатысқан.

Мектептегі психологиялық қызмет бойынша бекітілген жоспарға сәйкес психологиялық қызмет орталығының құжаттары дайындалып, бұйрықтар шығарылды. Психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесі жасалды.

Тәрбие орталығымен, әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып, қадағалауды қажет ететін және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларындағы оқушыларды анықтау, есепке алу жұмыстары жүргізілді.

Психологиялық қызмет орталығының жұмыс жоспарына және сұранысқа сәйкес оқушыларға жүргізілетін психодиагностика, психокоррекциялық жұмыстарға 1-9 сынып оқушылары ата-аналарынан жазбаша рұқсат қолхаты алынды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілермен бірлесе отырып 1-9 сынып оқушылары ата-аналарына жалпы жиналыс жасалып «Кәмелеттік жасқа толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу» жұмыстарымен ата-аналарды ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында «Адал ұрпақ» еріктілер клубының іс-шара жоспары құрылған. Патриоттық тәрбие беру, кез келген адамның құқығын, бостандығын және міндетін құрметтеу, жемқорлықты қабылдамау, шығармашылық қарым-қатынасты қалыптастыру үшін бейнероликтер, пікір алысу, сынып сағаттары, дебат ұйымдастырылып, отырған. «Парасатты азамат» бұрышы құрылған. Тоқсан сайын оқушылардың адамгершілігі мен құқықтық мәдениетін жоғарылатуға бағытталған шаралар ұйымдастырылған. Сенім телефонының үздіксіз жұмыс істеуі бақылауға алынған. «Төл тіліміз өз тілінде қолданылып жүрме?» акциясы аясында пікірталас, «Қазақстан - құқықтық мемлекет» айлығы аясында «Шешен тілді болу адамды жетістікке бастайма?» танымдық сабақ, «Әлеуметтік желінің тиімді жағы, тиімсіз жағы» пікірталас, «Бүгінгі заманның құндылығы неде?» пікірталас, «Жиі армандау, себепсіз мақсат құру адамды адастырама» танымдық сабақ ісі – шаралары өткізілген.

Сынып жетекшілердің 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік тақырыбы: «Мектепті жаңғырту жағдайындағы сынып жетекшісінің жұмысы». Мақсаты - тәрбие үдерісіне жаңашыл бағытты енгізе отырып, оқушының азаматтық өзіндік санасын, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын, өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі іске асыруын қалыптастыруы, оның тұлғалық өзін-өзі анықтауы, қоғамда табысты әлеуеттенуі мен бейімделуі үшін, оқушылардың шығармашылығын дамыту, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдай жасау. Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік жұмысын жетілдіру арқылы сынып жетекшілердің кәсіби құзіреттілік деңгейі арттырылған.

Мектепте барлығы 9 сынып жетекшісі жұмыс атқарады, орташа еңбек өтілі 10 жыл, санат бойынша: санатсыз – 5, мадератор – 8, сарапшы-9, зертеуші – 0

Оқу жылы ағымында 5 сынып жетекшілік отырыс өткізілген. Сынып жетекшілердің алғашқы әдістемелік отырысында:

Жылдық кешенді тәрбие жоспарын, сынып жетекшілер отырысының жоспарын талқылап, бекіту (тамыз);

Сынып жетекшілердің міндеттері мен құжаттары, келісім-шарттары туралы

Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарына қойылатын талаптар қаралған.

Сынып жетекшілердің екінші отырысында:

«Оқушылардың құқық бұзушылықтарының алдын алудағы сыныптағы іс-шаралардың маңызы (баяндама);

Әлеуметтік қамқорлықтағы балалармен жұмыста сынып жетекшілердің іс-әрекеттері туралы;

Тәрбие сағаттары мен сынып сағатын өткізу әдістемесі мәселелері қаралған.

- Сынып жетекшілердің қаңтар айында өткізілген кезекті отырысында:

Тәрбие жұмысының шығармашылық есебі туралы;

Психологиялық қиын жағдайға тап болған оқушылармен сынып жетекшілердің іс-әрекеті;

Бірлескен жұмыс бойынша іс-шаралар өту қаралған.

Мектеп бойынша «Қыз-ұлттың бой тұмары» қыздар ұйымының жұмыс жоспары жасалынып, бекітілген. Мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастырып, қыз бала алдында қоғамның, елдің, ұлттың болашағы және үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын ұғындыру аясында мектеп медбикесі, тәлімгері, педагог-психолог, қыздар ұйымының жетекшісі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары бірлесе отырып, тұрмысы төмен отбасыларынан шыққан, «тәуекел тобындағы», ерекше қадағалауды қажет ететін оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға байланысты жұмыстар жүргізіліп, мониторинг жасалды. Жалпы мектепшілік және сыныптарда қыздар жиналысы өткізілді. Қыздар гигиенасы туралы кездесу ұйымдастырылды.

Оқушылардың есірткі мен психотропты заттарды пайдалануын анықтау мақсатында тексеру, сабаққа үнемі кешігіп, себепсіз сабақтан қалатын қыздармен жұмыстар жүргізілді.

«Қауіпсіз мектеп» акция, «Полиция-дос және қорғаушы» кездесу, «Жасөспірім және заң» дөңгелек үстел, «Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл» кездесу «Ата-анам және мен» заңгер, ЮП инспекторлары, психологтар, үкіметтік емес ұйымдары өкілдерін қатысуымен есепте тұрған қолайсыз отбасылар мен балалар үшін кездесулер өткізілді. «Менің құқығым мен міндеттерім» жасөспірімдермен және ата-аналармен құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізілді. Мектепте зорлық-зомбылықты, қорқытып алуды, ақша жинауды анықтау үшін анонимді сауалнама, тест алынды. «Қыз – ұлттың бойтұмары» 7-9 сынып қыз балалары «Қыз – ұлт болашағы» тақырыбында қыздар жиналысы, Халықаралық қыздар күніне орай, «Қыз бала тәрбиесінің ерекшеліктері» тренинг, «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыптарында ерте жүктіліктің алдын алу бағытында қыздар ұйымымен дәріс ұдайы жүргізіліп отырған.

«Азамат» ұлдар ұйымының жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілген. Жігіттің бойына өнер мен еңбекті, ізгі адамгершілік қасиеттерді қатар сіңіре отырып, ер балалардың үйірмеге қамтылуын қадағалау, ұлдар ұйымының жиналысы, учаскелік полиция қызметкері және жастар ұйымы төрағасымен кездесу ұйымдастырылып, «Азамат» ұлдар ұйымының жаңа жетекшілерімен және мүшелерін сайланды. Өзін ұстау мәдениеттілігін тәрбиелеу, этикалық тақырыпта оқушылармен әңгімелесу, «Таңдауымыз-болашақ!» наркодиспансер мамандарымен кездесу, «ЖИТС/АИТВ туралы не білеміз?» тақырыбында семинар-тренинг, «Салауатты өмір салты – ұлт денсаулығының кілті!» атты дебат, «Зиянды әдеттердің алдын алу» тақырыбында дәрістер оқылып, семинарлар ұйымдастырылды. «Туберкулезден сақтану», «Туберкулез қауіпті дерт!» тақырыптарында ауқымды акциялар өткізілді. «Біз-салауатты мектеп оқушымыз!» атты спорттық сайыс ұйымдастырылды.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алуы туралы ҚР Заңына» сәйкес:

Құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында мектепшілік 12.12.22 жылғы №24 -А бұйрығы шығарылып, іс-шара жоспары жасалған.

Ерекше қадағалауды қажет ететін оқушыларды мектепшілік бақылауға қою мақсатында Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алуы туралы ҚР 2009 жылғы 10 шілдедегі № 176 IV Заңына сәйкес іс-шаралар жоспары жасалынған. Мектепшілік есепке алынған оқушыларға қоғамдық тәрбиешілер тағайындалған. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға байланысты құрылған Кеңесте оқушылардың мәселелері қаралады. Сынып жетекшілер өз сыныбындағы тәртібі қиындық келтіретін оқушыларды зерттеп, қорытындысы бойынша оқушылар арасында құқық бұзушылық пен

қылмыстың алдын алу мақсатында мектепшілік кеңеске оқушыларды ұсынылған. Кеңестің шешімі бойынша оқушылар мектепшілік бақылауға алынған.

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепшілік 12.12.22 жылғы №24-А бұйрығы шығарылып, бұйрыққа сәйкес кешкі кезекшілік рейд ұйымдастырылған.

Оқушылардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында «Қауіпсіз мектеп» жұмысын

ұйымдастыру және интернет желісінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында мектепшілік 19.12.22 жылғы №18-А бұйрығы шығарылған. Бұйрық негізінде ерекше бақылауды қажет ететін оқушылардың үйлеріне рейд жасау арқылы зерделеу, талдау жұмыстары жүргізілген. 2022-2023 оқу жылы бойынша кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілік сипатындағы зорлық-зомбылық қылмыстары, кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстар, суицидтің алдын алу жөніндегі іс-шара жоспары бекітілген, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген.

Қорытынды: Қазақстанның азаматы және патриоты ретінде жеке тұлғаны рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптастыруға баса назар аударып отырып, Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбиелік шаралар өткізілген.

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Тұлғаны рухани жағынан тәрбиелеуді дамыту, гуманистік дүниетанымын, азаматтық, патриоттық сана-сезімін, әдебиетке және отандық құндылықтарға, отандық және әлемдік мәдениетке деген сүйіспеншілігі мен сыйласымдылығын, коммуникативтік қабілеттілігі мен көптілді мәдениеттілігін қалыптастыруда, шығармашылық оқу жобаларын, сондай-ақ зерттеу әлеуетін дамытуда пәндік, көркем-эстетикалық, музыкалық, әскери-патриоттық, оқушылардың денсаулығын нығайту және олардың қозғалыс белсенділігін жетілдіру мақсатында сыныптан тыс спорт секциялар, мәдени іс-шаралар ұйымдастыруға және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда үйірмелермен қамтамасыз етілген.

«Оқуға құштар ұлт, оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша атқарылған жұмыстар

Оқушылардың оқу белсенділігі мен оқу сапасын арттыру. Кітап оқу мәдениетін насихаттау және кітап оқуды әдетке айналдыру. Жас ұрпақ бойына отан сүйгіштік және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңарту және оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін арттыру мақсатында мектебімізде «Оқуға құштар ұлт, оқуға құштар мектеп» бойынша:

«Википедия»

«100 кітап жобасы»

«Оқу сағаты»

«Мобильді Кітапхана» жобалары және

«Кел, оқиық!»

«Қауырсын қалам» айдарлары жүйелі жұмыс жасады.

№ 281 негізгі мектебінде «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында оқу мәртебесін, белсенділігін арттыру және оқу сапасын жақсарту, балалар мен жастардың мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, сондай-ақ өскелең ұрпақтың бойында жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік бағдарларды қалыптастырып, жастардың оқуға құштар құзыреттіліктерін дамыту мақсатында «Ең үздік оқырман – 2022» сайысы ұйымдастырылды.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда «Кітап — әр адамның өмірлік досы». №281 негізгі мектебінде 25-қазан – Республика күнін мерекелеу жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында 1-4 және 8-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Атамекен» тақырыбында жалпыреспубликалық патриоттық диктант конкурсы болып өтті.

№281 негізгі мектеп кітапханасының Coworking оқу орталығында 16—желтоқсан еліміздің Тәуелсіздігін атап өту қарсаңында «Тұғыры биік—Тәуелсіздік» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларының қатысуымен презентация, көрме шолу өтілді.

"Білім жолын бастаған, бастауышым бастамам" атты бастауыш сынып онкүндігі аясында 1-сынып оқушылары арасында "Ертегімен есейеміз " тақырыбында ертегіден үзінді көрсетуден сайыс болып өтті.

Алаш туы астында,
Күн сөнгенше сөнбейміз!
Жасайды алаш,өлмейміз!
Жасасын алаш,жасасын!

Бұл -Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 1917 жылы жазған өлеңі. Алаштықтар өз істерінің ел үшін,жер үшін,қазақ халқының болашағы үшін жасалып жатқанына кәміл сенді. Сол үшін күресті,жандарын пиде етті.

№281 негізгі мектебінде 23 қаңтар -03 ақпан аралығында қоғамдық -гуманитарлық пәндер бірлестігінің "Алаш зиялыларының мұрасы және Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары" атты онкүндік ұйымдастырылуда.

2023-2024 оқу жылы. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» - дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- 1) ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- 2) халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- 3) әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге,

перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдықпен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «Қарашанырақ», «Жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталан бас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- 1) қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- 2) қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- 3) ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- 4) қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- 5) қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- 6) қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- 7) қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- 8) ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- 1) отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- 2) мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- 3) елінің тарихын құрметтейді
- 4) ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- 5) құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- 1) академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- 2) адал еңбекті құрметтеу;
- 3) сөзіне берік, ісіне адал болу;
- 4) халқына адал қызмет ету;
- 5) әдеп нормаларын ұстану;
- 6) шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- 7) достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу мейірімділікті таныту;
- 8) өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- 1) ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- 2) сөзіне берік, ісіне жауапкершіліктанытады;
- 3) ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- 4) достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- 5) кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- 1) сыни және креативті ойлау;
- 2) жеке және командамен жұмыс істей білу;
- 3) білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- 4) физикалық белсенді болу;
- 5) салауатты өмір салтын ұстану;
- 6) технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- 7) дұрыс қарым-қатынас орнату;
- 8) уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- 1) жан-ментәнт азығын сақтайды;
- 2) дұрыстамақтану мәдениетін түсінеді;
- 3) қоршаған орта азығын сақтайды;
- 4) ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- 5) ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Ұлттық құндылық**«Қамқор аға-қамқор әпке» жобасы аясында**

1 қыркүйек – барша ұстаз бен оқушы асыға күтетін айтулы мереке, білім беру мекемелерінің педагогтары мен жетекшілері білім қабырғаларын аттағалы тұрған оқушылар мен тәрбиеленушілерді қарсы алатын атаулы мереке, сондай-ақ еліміздің болашағы тәуелді болатын жауапты кезең бастамасы.

Осы мерекеге орай бүгін мектебімізде салтанатты жиын болып өтті.

«МЕКТЕПKE ЖОЛ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ ұйымдастырылған. Акцияда мектеп оқушылары оқуға қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз етілген

<https://www.facebook.com/share/p/1Bp8CkWoAD/>

«Тіл ғұмыры» мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс- тәсілдерін көрсету ашық тәрбие сабағы («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) өтізілген.

Тәуелсіздігіміздің айғағы, ұлттық құжатымыз, кісілік келбетіміз – Қазақстан халықтарының тілдері мерекесіне орай №281 негізгі мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің ұйымдастыруымен «Тіл - өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем» тақырыбында онкүндіктің ашылуы болып өтті.

«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу болдырмау мақсатында бірлескен жұмыстар жасалған

№281 негізгі мектеп ұжымы учаскелік полиция қызметкерлерімен бірлесіп, жоспарлы түрде арнайы бекітілген кесте бойынша рейд жұмыстарын жүргізіп келеді.

Бүгін де мектеп директоры А.Жолмырзаева, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары М.Қалабаев сынып жетекшілермен бірлесіп, рейд жұмыстарын жүргізді.

«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында шара ұйымдастырылған.

№2023 жылдың 13 қыркүйек күні №281 негізгі мектебінде оқушыларға "Абайла, балақай!" тақырыбында жолда жүру ережелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2023 жылдың 11-желтоқсан күні "Терең тарихтан - жарқын болашаққа" тақырыбында

тарих пән бірлестігінің онкүндігі басталды. Онкүндік аясында Қожа Ахмет Яссауидың туғанына 930 жыл толуына орай Кушекбаева Света "Тапқыр болсаң, озып көр" сайыс-сабақ өткізді.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы

1 қазан қарттар күні «Қарттарым - асыл қазынам» ұйымдастырылған

Ардақты аға-әкелер, ақ жаулықты ана-апалар!

Сіздерді бүгінгі мейірім мен ізгілік мерекесі - Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Қазақ «Қариясы бар ел – қазынасы бар ел» дейді. Қарияларымызды құрметтеп, ардақтау – біз үшін үлкен парыз.

Қымбатты, аға ұрпақ ардагерлеріміз, сіздердің толайым еңбектеріңіздің, бай тәжірибелеріңіздің, дарқан даналықтарыңыздың алдында басымызды иеміз.

Ақыл-кеңестің, үлгі-өнегенің сарқылмас кенішіндей болған қарттарымыз сіздер, аман-есен жүргейсіздер!

Сіздерге зор денсаулық, берекелі ұзақ ғұмыр тілеймін, айналаңыздағы жаны жомарт жандардың ықылас-ниетіне бөленіп жүре беріңіздер!

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02wSNytoRcsZ7yNCJ72pg3CQPwGjiYH3Wes81m2bj9BGKKGK4LKsU7KAPrseuULcoTPl&id=100025819368549

№281 негізгі мектебінде Ұстаздар күніне арналған өзін-өзі басқаруға арналған «Дублер күні» күні болып өтті.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02EjarNVgQTzdDAk4wKKSBYjTPGLzQcar9UY5hraZd3sEP1smKjGfxjNb51inh9ynWl&id=100025819368549

Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі жұмысы бойынша әдістемеліктің 1 отырысы өткізілген. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспары, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, оқушыларды тәрбиелеу бағдарламаларын жасауды, оларды іске асыру бойынша жаңа тәсілдер қамтамасыз ететіліп, әрбір оқу тоқсанында жүргізілетін жұмыстар туралы айқындалған. Тәрбие процесінің проблемаларына, тәрбие жұмысының нәтижелеріне, тәрбие жұмыстары саласындағы жағдайлар мен перспективалық мүмкіндіктеріне талдау жасалған.

Мектепте «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде әзірленген тәрбие жұмысының жоспарлары, аптасына бір рет (дүйсенбі) сынып сағаттың сабақ кестесіне енгізілуі, жүзеге асырылуы, сынып жетекшінің сыныппен жүргізетін іс-шара жоспары, сынып жетекшілігі туралы ереженің орындалуы, білім алушылардың сабақтан тыс әртүрлі нысандарын ұйымдастырылуы, қосымша білім берудің жүргізілуі мектеп сайтының «Аттестация» қойындысының «Тәрбие жұмысы» \ Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бөлімінде салынған:

Сондай-ақ орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есебінің жүргізілуі, басшының бұйрығымен бекітілген профилактикалық кеңестің жұмысы, отырыстарының хаттамалары мектеп сайтының «Аттестация» қойындысының «Тәрбие жұмысы»/ «Есепке алу» бөлімінде салынған: <https://281mektep.edu.kz/>

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы менгеру

2021-2022 оқу жылында «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» кіріктірілген оқу бағдарламасы оқытылған, білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б.) практикалық дағдыларының қалыптасуына барынша назарға алынған. Осыған

байланысты «Өмір қауіпсіздік негіздері» курсы оқыту: 1-4-сыныптарда «Сынып сағаттарына» кіріктірілген оқу курсының аясында; – 5-9-сыныптарда – «Дене шынықтыру» пәні аясында жүзеге асырылады. Өткізілген тақырыптар, сынып журналына жазылған. Оқыту барысында мектеп жасындағы балаларды жай және ойын түрінде өмір қауіпсіздік негіздеріне қалыптастырған.

Қорытынды: Оқу жылында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы бастауыш сыныптарда сынып сағаттарына кіріктірілген, 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» сабақтарында өткізіліп, тақырыптары толық қамтылған.

2022-2023 оқу жылы «Өмір қауіпсіздігінің ережелері» оқу курсы қамтылған, 1-4-сыныптарда қауіпсіздік ережелері; «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-8-сыныптарда сынып сағаттарына кіріктірілген. 9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. 5-сыныптарда: «Табиғатта алғашқы медициналық көмек көрсету ережесі», «Қан кеткен және күйік кездерінде алғашқы көмек ережесі», «Жарақат алғанда және жараланған кездерде алғашқы медициналық көмек көрсету ережесі», «Денсаулық және салауатты өмір салты туралы негізгі түсінік», «Үй-жайдағы авария сипатындағы төтенше жағдай», «Көліктегі төтенше жағдай», «Табиғаттағы төтенше жағдайлар», «Климат ауыстыру», «Қатты әсер ететін улы заттармен уланған кездегі алғашқы медициналық көмек көрсету», «Қала (поселке) қауіп көзі». 6-сыныптар: «Адамның табиғатта жалғыз тұруы», «Медициналық көмек көрсетудің құралдары», «Жер сілкінісі», «Сырғымалар, селдер және опырылып құлаулары», «Дауылдар, желдер және борандар», «Қатты әсер ететін улы заттармен уланған кездегі алғашқы медициналық көмек көрсету», «Өрттің жаралатқан кездегі алғашқы медициналық көмек», «Жаппай зақымдану кезінде алғашқы медициналық көмек», «Салауатты өмір салтының әдеттері туралы түсінік», «Жаралану және жарақат алу және қайғылы жағдайлар кезіндегі алғашқы медициналық көмек». 7-сыныптар: «Су тасқыны», «Ормандағы және даладағы өрт», «Өндіріс апаттар мен қираулар», «Қатты әсер ететін заттарды тастау салдарынан болатын апаттар», «Салауатты өмір салтының әдістері туралы түсінік», «Жараланған, жарақат алған және қайғылы жағдайлар кезіндегі алғашқы медициналық көмек». 8-сыныптар: «Қатты әсер ететін улы заттарды тастаудан болатын апаттар», «Өрттер мен жарылыстар», «Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу», «Жараланған, жарақат алған және қайғылы жағдайлар кезіндегі алғашқы медициналық көмек», «Салауатты өмір салтын қалыптастыру», «Жастар денсаулығы мен олардың өмір салты». 9-сыныптар: «Радиоактивті заттарды тастаудан болған апаттар», «Гидродинамикалық апаттар», «Экология теңдігінің бұзылуы», «Жараланған, жарақат алған және қайғылы жағдайлар кезіндегі алғашқы медициналық көмек», «Жараланған, жарақат алған және қайғылы жағдайлар», «Жоғары мектеп жасындағы жарақаттың алдын алу», «Жастар денсаулығы мен олардың өмір салты» тақырыбындағы сабақтары өткізілді.

Оқу жылында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы бастауыш сыныптарда дүниетану, 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру», өткізілген. Тақырыптары толық қамтылған. Талаптарға сәйкес келеді.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру

2021-2022 оқу жылының алғашқы айында мектеп бойынша жасөспірімдер арасындағы жол-көлік оқиғаларынан жарақат алудың алдын алу мақсатында «Абайлаңыз, балалар!» атты жедел-профилактикалық іс-шаралар онкүндігі өткізілген. Бұл іс – шараларға мектеп инспекторы қатысып, оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізді. 1 сыныпқа келетін оқушыларды мектепке келетін және мектептен қайтатын уақытта көшеден өткізіп жіберетін кезекшілік ұйымдастырылған. 1-3 сыныптарда «Көше күтпеген оқиғаларға толы, «Бағдаршам», «Жолда жүру белгілері және таңбалары» тақырыптары аясында танымдық

